

"Оңтүстік тау-химиялық компаниясы"
бірлескен кәсіпорны" ЖШС
2018 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл үшін
қаржылық есептілік

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	
Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есеп	6
Қаржылық жағдай туралы есеп	7
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	8
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	9
Қаржы есептілікке ескертпелер	10-53



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
Қазақстан, 050051 Алматы,
Достық д-лы 180,
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, 050051 Алматы,
пр. Достык 180,
E-mail: company@kpmg.kz

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС Басшылығына

Пікір

Біз 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен басқа түсіндірмелі ақпараттан тұратын «Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС (әрі қарай – «Компания») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Қаржылық есептілік үшін басшылық пен корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС-ға сәйкес көрсетілген қаржылық есептіліктің дайындалуы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз; өз пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған сәйкесінше ақпаратты ашып көрсетуді бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептілікте ашып көрсетілген ақпаратты қоса алғанда оның бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын және қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуіне бағалау жүргіземіз.



«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

3-бет

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:

Дементьев С. А.
Қазақстан Республикасының
сертификацияланған аудиторы,
аудитордың біліктілік куәліктің № МФ 0000086
2012 жылдың 27 тамызында берілген



«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанда берген мемлекеттік лицензияның № 0000021

Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
өрекет ететін Бас директоры



2019 жылдың 31 қаңтары

мың теңге	Ескертпе	2018 ж.	2017 ж.*
Табыс	5	54,055,704	51,181,124
Сатудың өзіндік құны	6	(22,228,302)	(25,011,968)
Жалпы кіріс		31,827,402	26,169,156
Өткізу бойынша шығыстар	7	(1,603,005)	(1,104,211)
Әкімшілік шығындар	8	(964,220)	(910,626)
Өзге де шығыстар, нетто		(177,017)	(317,396)
Операциялық пайда		29,083,160	23,836,923
Қаржылық кірістер	10	2,148,587	158,895
Қаржылық шығыстар	10	(253,516)	(186,129)
Таза қаржылық кірістер/(шығыстар)		1,895,071	(27,234)
Салық салуға дейінгі пайда		30,978,231	23,809,689
Табыс салығы бойынша шығыс	11	(6,062,548)	(5,085,937)
Жыл ішіндегі таза пайда		24,915,683	18,723,752

Өзге жиынтық кіріс

Пайда немесе шығын құрамына кейіннен қайта жіктелмейтін баптар:

Басқа жиынтық кіріс арқылы бағаланатын
үлестік құралдардың әділ құнының өзгеруінің
нетто-шамасы

(71,360)

-

**Пайдаға салынатын салықты шегергендегі
жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс**

(71,360)

-

Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс

24,844,323

18,723,752

* Компания 9 ХҚЕС (IFRS) және 15 ХҚЕС (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. Көшудің тандалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмеді (3 (а) ескертуді қараңыз).

Осы қаржылық есептілікті басшылық 2019 жылдың 31 қаңтарында бекітті және Компания басшылығының атынан оған қол қойды:


А. Т.Есентугелов
Бас директор




Е. С.Чурина
Бас бухгалтер

мың теңге	Ескертпе	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.*
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Өндіріске дайындау бойынша активтер	12	20,261,391	17,629,746
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	13	12,289,751	14,013,863
Материалдық емес активтер		148,486	161,863
Өтеуге қосылған құн салығы		3,319,935	1,790,038
Пайдалануда шектелген ақша қаражаты	14	2,232,922	1,923,540
Кейінге қалдырылған салық активі	11	425,553	184,328
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		583,326	747,002
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны		39,261,364	36,450,380
Қысқа мерзімді активтер			
Қорлар	15	4,000,176	4,411,541
Саудалық және өзге де дебиторлық берешек	16	19,996,471	21,919,526
Ақша қаражаты және олардың баламалары	17	5,389,541	1,253,884
Қысқа мерзімді активтердің жиыны		29,386,188	27,584,951
Активтер жиынтығы		68,647,552	64,035,331
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Меншікті капитал	18		
Жарғылық капитал		64,000	64,000
Басқа да резервтер		(237,386)	-
Бөлінбеген пайда		24,845,061	18,723,752
Меншікті капиталдың жиыны		24,671,675	18,787,752
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Несиелер	19	4,468,853	-
Учаскені қалпына келтіруге арналған резерв	20	3,160,912	2,561,365
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны		7,629,765	2,561,365
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Несиелер	19	528,938	-
Саудалық және өзге де кредиторлық берешек	21	7,087,185	4,574,882
Төлеуге дивидендтер	18	27,800,640	33,076,888
Басқа да қаржылық міндеттемелер	22	-	4,624,910
Төленетін табыс салығы		929,349	409,534
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		36,346,112	42,686,214
Міндеттемелердің жиыны		43,975,877	45,247,579
Меншікті капитал мен міндеттемелердің жиыны		68,647,552	64,035,331

* Компания 9 ХҚЕС (IFRS) және 15 ХҚЕС (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. Көшудің таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (3 (а) ескертуді қараңыз).

Осы қаржылық есептілікті басшылық 2019 жылдың 31 қаңтарында бекітті және Компания басшылығының атынан оған қол қойды.


А. Т. Есентугелов
Бас директор




Е. С. Чурина
Бас бухгалтер

"Оңтүстік тау-химиялық компаниясы" бірлескен кәсіпорны" ЖШС
2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңге	Жарғылық капитал	Басқа да резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2017 жылғы 1 қаңтарға	64,000	-	30,076,888	30,140,888
Жалпы жиынтық табыс				
Бір жылдағы пайда және жалпы жиынтық табыс	-	-	18,723,752	18,723,752
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	-	18,723,752	18,723,752
Компания иелерімен операциялар				
Жарияланған дивидендтер	-	-	(30,076,888)	(30,076,888)
2017 жылғы 31 желтоқсанға	64,000	-	18,723,752	18,787,752
2018 жылғы 1 қаңтарға*	64,000	-	18,723,752	18,787,752
9 ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолдану кезіндегі түзету	-	(166,026)	(70,622)	(236,648)
2018 жылғы 1 қаңтарға түзетілген қалдық	64,000	(166,026)	18,653,130	18,551,104
Жалпы жиынтық табыс				
Бір жылдағы пайда	-	-	24,915,683	24,915,683
Өзге жиынтық кіріс				
Басқа жиынтық кіріс арқылы бағаланатын үлестік құралдардың әділ құнының өзгеруінің нетто-шамасы	-	(71,360)	-	(71,360)
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	(71,360)	24,915,683	24,844,323
Компания иелерімен операциялар				
Жарияланған дивидендтер	-	-	(18,723,752)	(18,723,752)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	64,000	(237,386)	24,845,061	24,671,675

* Компания 9 ҚХЕС (IFRS) және 15 ҚХЕС (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады.

Көшудің таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (3 (а) ескертуді қараңыз).

Осы қаржылық есептілікті басшылық 2019 жылдың 31 қаңтарында бекітті және Компания басшылығының атынан оған қол қойды.


А. Т.Есентугелов
Бас директор




Е. С.Чурина
Бас бухгалтер

мың теңге	2018 ж.	2017 ж.*
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағыны		
Сатып алушылардан ақша қаражатының түсуі	56,418,279	48,413,076
Өзге де түсімдер	185,145	38,191
ҚҚС қайтарудан түсетін түсімдер	1,066,483	488,841
Қызметкерлерге төленген ақша қаражаты	(2,765,311)	(2,781,870)
Басқа төлемдер	(1,209,970)	(1,500,355)
Тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге берілген аванстар	(11,450)	(6,848)
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төленген ақша қаражаты	(11,739,406)	(10,222,943)
Сактандыру шарттары бойынша төлемдер	(91,774)	(93,057)
Бюджетке төлемдер	(5,336,073)	(7,226,477)
Табыс салығы мен сыйақыны төлегенге дейін операциялық қызметтен ақша қаражатының түсуі	36,515,923	27,108,558
Төленген табыс салығы	(5,783,958)	(4,080,750)
Төленген пайыздар	(2,584)	-
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі	30,729,381	23,027,808
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағыны		
"Бетпак Дала" БК" ЖШС-дан тарату қорының түсімі (25 (б)- ескертпе)	-	1,207,320
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер	4,290	-
Материалдық емес активтерді сатып алу	(19,028)	(35,781)
Өндіріске дайындау бойынша негізгі құралдар мен активтерді сатып алу	(4,034,943)	(6,283,299)
Банктердегі депозиттер	(336,874)	(1,498,505)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатын таза пайдалану	(4,386,555)	(6,610,265)
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының түсуі		
Қарыз қаражатын тарту	4,824,040	-
Кредиттер мен қарыздар алу бойынша мәмілені жүзеге асыруға байланысты шығындар	(14,843)	-
Дивидендтерді төлеу (840,000 мың теңге сомасында көздерден ұсталған табыс салығын шегергенде (2017 жыл: 585,207 мың теңге))	(23,160,000)	(16,134,995)
Вексельдерді өтеу	(4,624,138)	(100,296)
Қаржы қызметінде ақша қаражатын таза пайдалану	(22,974,941)	(16,235,291)
Ақша қаражатының және олардың баламаларының нетто ұлғаюы	3,367,885	182,252
1 қаңтарға ақша қаражаты және олардың баламалары	1,253,884	1,160,434
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері	769,445	(88,802)
Ақша қаражатына және олардың баламаларына күтілетін кредиттік шығындар өзгерістерінің әсері	(1,673)	-
31 желтоқсанға ақша қаражаты және олардың баламалары (17-Ескертпе)	5,389,541	1,253,884

* Компания 9 ХҚЕС (IFRS) және 15 ХҚЕС (IFRS) қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. Көшудің таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (3 (а) ескертуді қараңыз).

Осы қаржылық есептілікті басшылық 2019 жылдың 31 қаңтарында бекітті және Компания басшылығының атынан оған қол қойды.


А. Т. Есентугелов
Бас директор




Е. С. Чурина
Бас бухгалтер

1 Есеп беретін кәсіпорын

(а) Ұйымдастыру құрылымы және қызметі

"Оңтүстік тау-химиялық компания" бірлескен кәсіпорны" ЖШС (бұдан әрі - "Компания") Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2014 жылғы 1 тамызда құрылды. 2014 жылғы 17 қазанда "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ (бұдан әрі - "ҚАӨ ҰАК") Ыңғай кенішінде 4 учаскеде №1800 барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа №4 және Ақдала кенішінде №647 барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа №7 қосымша келісімдерге (бұдан әрі - "Келісімшарттар") сәйкес компанияға жер қойнауын пайдалану құқығын берді. Ақдала кенішінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 2001 жылғы 28 наурыздан бастап 25 жыл мерзімге есептелген. Ыңғай кенішінде 4 учаскені жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 2005 жылғы 8 шілдеден бастап 24 жылға есептелген.

Бұрын осы Келісімшарттар өндіруге дайындық жөніндегі барлық активтер және уранды өндіру және бастапқы өңдеу жөніндегі тиісті негізгі құралдар сияқты "Бетпақ Дала" БК" ЖШС-ға, байланысты тарапқа тиесілі болды. 2014 жыл ішінде соттың шешімі бойынша "Бетпақ Дала" БК" ЖШС жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттық құқығынан айырылып, Келісімшарттар бастапқы меншік иесіне қайтарылды, ҚАӨ ҰАК "Бетпақ Дала" БК" ЖШС-дан олардың баланстық құны бойынша өндіріске дайындау бойынша тиісті келісімшарт активтерін сатып алды. "Бетпақ Дала" БК" ЖШС және ҚАӨ ҰАК құрылтайшыларының уағдаластықтарына сәйкес "Оңтүстік тау-химиялық компаниясы" бірлескен кәсіпорны" ЖШС жаңа кәсіпорны құрылды және ҚАӨ ҰАК Келісімшарттарды берді және баланстық құны бойынша өндіріске дайындау бойынша активтерді сатты. 2014 жыл ішінде уранды өндіру және бастапқы қайта өңдеу бойынша негізгі құралдар "Бетпақ Дала" БК" ЖШС меншігінде болды, ол қызметтер көрсетуге арналған шарттар негізінде уранды өндіру және бастапқы қайта өңдеу бойынша негізгі қызметтерді көрсетті. 2015 жылы Компания қатысушыларының шешімі негізінде өндірістік активтер 2015 жылғы 1 қазандағы сатып алу-сату шартына сәйкес "Бетпақ Дала" БК" ЖШС-дан сатып алынды.

Есепті күнгі жағдай бойынша Компания қызметінің негізгі түрлері уран кенін өндіру және өңдеу болып табылады. Уран кенін өндіру Қазақстанның Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан Ыңғай кенішінің 4 учаскесінде және Ақдала кенішінде жер асты шаймалау әдісімен жүзеге асырылады. Ақдала кенішінде және Ыңғай кенішінің 4 учаскесінде өнеркәсіптік өндіру тиісінше 2004 және 2009 ж. бастап жүргізіледі. Компания Оңтүстік Ыңғай кенішінде орналасқан, өнімділігі жылына 3,000 тоннаға жуық өңдеу қуатымен (U3O8) соңғы өнім шығарады.

Компанияның қатысушылары ҚАӨ ҰАК және Uranium One Rotterdam B. V. (Ураниум Уан Роттердам Би.Ви.) болып табылады. Олар тиісінше компаниядағы 30% және 70% қатысу үлесіне ие.

Компанияның тіркелген мекенжайы: 161006, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, 1 шағын ауданы, 23-үй, 36-пәтер.

Қазақстаннан уран экспорты тиісті экспорттық лицензиямен реттеледі. Қазақстандағы уран өнімінің операциялық қызметін, экспорты мен импортын қадағалауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі - "ЭМ") және Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігі, сондай-ақ басқа да уәкілетті органдар атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияда қызметкерлердің орташа жылдық саны 843 адамды құрады (2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 868 адам).

1 Есеп беретін кәсіпорын, жалғасы

(б) Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компанияның қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, дамушы нарықтың ерекшеліктеріне тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары Компанияның бизнесін әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелердің дамуы жалғасуда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің біркелкі емес тәуекелімен ұштасады және жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа заңды және фискалдық кедергілермен қоса Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Бұдан басқа, 2015 жылы орын алған қазақстандық теңгенің құнсыздануы және әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының төмендеуі шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының белгісіздік деңгейін арттырды.

Ұсынылған қаржылық есептілік басшылықтың Қазақстандағы бизнесті жүргізу шарттарының Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қандай әсер ететіндігі туралы көзқарасын көрсетеді. Шаруашылық жүргізудің болашақ шарттарының нақты әсері олардың басшылардың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

2 Есеп негіздері

(а) ХҚЕС сәйкестігі туралы мәлімдеме

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі - "ХҚЕС") талаптарына сәйкес дайындалды.

Бұл 15 ХҚЕС (IFRS) "Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім" және 9 ХҚЕС (IFRS) "Қаржы құралдары" талаптарын қолдана отырып дайындалған Компанияның жылдық қаржылық есептілігінің бірінші жиынтығы. Есеп саясатының маңызды қағидаттарының өзгеруі 3(а) Ескертпеде ашылады.

(б) Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға сүйене отырып дайындалды, бұл әдеттегі шаруашылық қызмет барысында активтерді сату мен міндеттемелерді орындауды көздейді. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелері оның қысқа мерзімді активтерінен 6,959,924 мың теңгеге артық (2017 жыл: 15,101,263 мың теңге).

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның 27,800,640 мың теңге мөлшерінде төленетін дивиденді бар (2017 жыл: 33,076,888 мың теңге).

2018 жылы қатысушылардың Жалпы жиналысы Компания қатысушылары арасында 2017 жылы – 18,723,752 мың теңге сомасында 100% таза табысты бөлу туралы шешім қабылдады (2017 жыл: 30,076,888 мың теңге). 2016 жылғы дивидендтерді бөлу кезінде 2017 жылы Компанияның дивидендтерді төлеу кестесін сақтауы үшін 95 миллион АҚШ доллары мөлшерінде қарыздық банктік қаржыландыруды тарту жоспарланған. Қарыздық банктік қаржыландыруды тарту туралы мәселе 2017 жылы өтпеген қатысушылардың Жалпы жиналысының бекітуіне шығарылды.

2018 жылғы тамызда басшылық банктік қаржыландыруды тарту бойынша жұмысты қайта бастады, оның нәтижелері бойынша Компания 2018 жылғы желтоқсанда "Альфа-Банк" ЕБ АҚ-мен 5 жыл мерзімге 20 миллион АҚШ доллары сомасына жаңартылмайтын кредиттік желі беруге кредиттік келісімге қол қойды (19 ескертпе), сондай-ақ 2019 жылғы ақпанда "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-мен 65 миллион АҚШ доллары сомасына жаңартылатын кредиттік желі беруге кредиттік келісімге қол қою күтілуде. Басшылық қатысушылар қажет болған жағдайда компанияға қолдау көрсетеді және банк заемын алған сәтке дейін дивидендтерді дереу өтеуді талап етпейді деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларды талдай отырып, Компания басшылығы осы қаржылық есептілік үшін қызметтің үздіксіздігі қағидатын қолдану негізді болып табылады және Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі белгісіздік жоқ деген қорытындыға келді.

(в) Құнды анықтауға арналған база

Қаржылық есептілік тарихи (бастапқы) құн негізінде дайындалды.

2 Есеп негіздері, жалғасы

(г) Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі - "теңге") болып табылады. Бұл валюта Компания үшін функционалдық болып табылады және онда осы қаржылық есептілік ұсынылған. Теңгеде ұсынылған барлық қаржылық ақпарат жақын мыңдыққа дейін дөңгелектенген.

(д) Кәсіби пікірлерді, есептік бағалауды және жорамалдарды пайдалану

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау басшылықтың есеп саясатының ережелері қалай қолданылуына және активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығыстар қандай сомада көрсетілуіне әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамалдарды және есептік бағаларды пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Жорамалдар мен олардың негізінде жасалған есептік бағалаулар оларды өзгерту қажеттілігі тұрғысынан тұрақты түрде талданады. Есептік бағалаудағы өзгерістер осы бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және көрсетілген өзгерістермен қозғалған барлық кейінгі кезеңдерде танылады.

Есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде қалыптасқан және қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер еткен неғұрлым маңызды пайымдаулар туралы ақпарат мынадай баптарға жатады:

- 20 – Ескертпе - Учаскені қалпына келтіруге арналған резерв;
- 12-Ескертпе - Өндіріске дайындау бойынша активтер.

Сондай-ақ, ең маңызды пайымдаулар келесіге жатады:

(i) Өндіріске дайындау бойынша негізгі құралдар мен активтердің пайдалы қызмет мерзімдері

Компания әрбір есепті күнге осы активтердің пайдалы қызметінің қалған мерзімдеріне бағалау жүргізеді және егер күтілетіндер алдыңғы кезеңдердің бағаларынан өзгеше болса, өзгерістер 8 ҚЕХС *"Есеп саясаты, есептік бағалаудағы өзгерістер және қателерге"* сәйкес есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде ескеріледі.

Келесі факторлар өндіріске дайындау бойынша активтерді пайдалы пайдалану мерзімін есептеуге әсер етеді:

- кеннің дәлелденген және болжамды қорларындағы өзгеріс;
- минералдық қорлар класы мен сапасындағы ауытқулар;
- өнеркәсіптік қорларды бағалауға әсер ететін нақты тауар бағаларындағы және болжамды тауар бағаларындағы өзгерістер;
- кенішпе өндіруге байланысты операциялық мәселелер; және
- уран қорларын өндірудің экономикалық орындылығына теріс әсер етуі мүмкін өндірістегі, процестердегі, қалпына келтіруге арналған шығындардағы, дисконттық мөлшерлемелер мен валюта бағамдарындағы өзгерістер.

Осы өзгерістердің кез келгені болашақ амортизацияға және капиталдандырылған шығындардың баланстық құнына әсер етуі мүмкін. Басшылық ұзақ мерзімді активтердің пайдалы қызмет мерзімдерінің дұрыстығын кезеңді түрде тексереді. Тексеру активтердің ағымдағы жай-күйіне және активтер Компания үшін экономикалық пайданы генерациялауды жалғастыратын есептелген кезеңге негізделеді.

(ii) Уран қоры

Уран қоры Компания қызметінің маңызды факторы болып табылады. Барлық қорларды бағалау белгісіздіктің кейбір дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен осы деректерді бағалау және түсіндіру кезінде қолда бар сенімді геологиялық және техникалық деректердің көлеміне байланысты. Бағалаулар әзірлеудегі жақсартулар, өнімділіктегі өзгерістер немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістер тұрғысынан жобаларды жүргізу салдарынан тексерілуі мүмкін.

2 Есеп негіздері, жалғасы

(д) Кәсіби пікірлерді, есептік бағалар мен жорамалдарды пайдалану, жалғасы

Келесі есепті жылы қаржылық есептілікте көрсетілген көрсеткіштерді айтарлықтай өзгерту талап етілетініне елеулі тәуекелмен байланысты белгісіздіктерге қатысты жорамалдар мен есептік бағалаулар туралы ақпарат мынадай ескертпелерде берілген:

- 11-Ескертпе - кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін тану;
- 20-Ескертпе және 24-Ескертпе - резервтер мен шартты міндеттемелерді тану және бағалау: ресурстардың кету ықтималдығы мен көлеміне қатысты түйінді жорамалдар;
- 23(б) Ескертпе – қаржы активтеріне қатысты күтілетін кредиттік зияндарға (бұдан әрі - "ККЗ") арналған резервті бағалау.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері

3(а) Ескертпеде сипатталған жағдайларды қоспағанда, төменде сипатталған есеп саясатының ережелері осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есеп беру кезеңдерінде дәйекті түрде қолданылды.

(а) Есеп саясатының маңызды қағидаттарын өзгерту

Компания 15 ҚЕХС (IFRS) "Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім" және 9 ҚЕХС (IFRS) "Қаржы құралдары" 2018 жылғы 1 қаңтардан қолдана бастады. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап басқа да бірқатар жаңа стандарттар күшіне енеді, бірақ олар Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді.

Осы стандарттарды қолдану кезінде Компания таңдаған көшу әдістеріне сәйкес, осы қаржылық есептілікте салыстырмалы ақпарат жаңа стандарттардың талаптарын көрсету үшін қайта есептелмейді.

15 ХҚЕС (IFRS) "Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім"

15 ХҚЕС (IFRS) түсім қандай сомада және қашан танылуы тиіс екенін анықтау үшін негіз қалаушы қағидаттарды белгілейді. Стандарт түсімді тану жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықты, оның ішінде 18 ХҚЕС (IAS) "Түсім", 11 ХҚЕС (IAS) "Құрылысқа арналған шарттар" және тиісті түсіндірмелерді алмастырады. 15 ХҚЕС (IFRS) сәйкес сатып алушы тауарларды немесе қызметтерді бақылауға ие болған кезде түсім танылады. Бақылауды берудің уақытша шеңберін анықтау - белгілі бір уақыт сәтінде немесе уақыт бойы - пайымдауларды қолдануды талап етеді.

Тиісінше, 15 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша пайданы тану сәтіне және компанияның бөлінбеген пайдасының көрсеткіштеріне, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның қаржылық жағдайы туралы есебіне, сондай-ақ 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепке және ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке қандай да бір ықпал еткен жоқ. Компанияның түсімді тануға қатысты есеп саясаты туралы қосымша ақпаратты 3 (л) Ескертпеден қараңыз.

9 ХҚЕС (IFRS) "Қаржы құралдары"

9 ҚЕХС-да (IFRS) қаржылық активтерді, қаржылық міндеттемелерді және қаржылық емес объектілерді сатып алуға немесе сатуға арналған белгілі бір шарттарды тану мен бағалауға қатысты талаптар баяндалған. Осы стандарт 39 ХҚЕС (IAS) "Қаржы құралдары: тану және бағалауды" алмастырады.

9 ХҚЕС (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания 7 ҚЕХС-ға (IFRS) ілеспе түзетулерді қабылдады "Қаржы құралдары: ақпаратты ашу", ол 2018 жылғы ақпаратты ашуға қолданылады, бірақ, әдетте, салыстырмалы ақпаратқа қолданылмайды.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(a) Есеп саясатының маңызды қағидаттарының өзгеруі, жалғасы

9 ХҚЕС (IFRS) "Қаржы құралдары", жалғасы

(i) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау

9 ХҚЕС (IFRS) қаржы активтерін жіктеудің үш негізгі санатын көздейді: амортизацияланған құны бойынша; өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша; немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар. 9 ХҚЕС (IFRS) көзделген қаржы активтерін жіктеу, әдетте, шеңберінде қаржы активтерін басқару жүзеге асырылатын бизнес-модельге және шартта көзделген ақша қаражаты ағындарының оған қатысты сипаттамаларына негізделген. 9 ХҚЕС (IFRS) өз кезегінде 39 ҚЕХС (IAS) қолданыстағы қаржы активтерінің санаттарын жояды: өтеу мерзіміне дейін ұсталатын және сату үшін қолда бар кредиттер мен дебиторлық берешек.

9 ХҚЕС (IFRS) қаржылық міндеттемелерді жіктеуге және бағалауға қатысты 39 ХҚЕС (IAS) қолданыстағы талаптарын елеулі дәрежеде сақтайды.

9 ХҚЕС-ке (IFRS) көшу қаржылық міндеттемелерге қатысты Компанияның есеп саясатына елеулі әсер еткен жоқ.

Компания қаржылық құралдарды қалай жіктейтіні және бағалайтыны, 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес олардың модификациялары мен тиісті пайдалар мен шығындарды ескеретіні деген түсініктеме 3(в) Ескертпеде берілген.

Келесі кестеде және оған ескертпелерде 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес бағалаудың бастапқы санаттары және 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компанияның қаржы активтерінің әрбір сыныбы үшін 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес бағалаудың жаңа санаттары түсіндіріледі.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржы активтерінің баланстық құнына 9 ХҚЕС (IFRS) көшудің әсері жаңа стандартқа көшу кезінде үлестік бағалы қағаздардың құнсыздануына және әділ құнын қайта бағалауға қатысты жаңа талаптарға ғана қатысты.

мың теңге	Ескертпе	39 ХҚЕС (IAS) сәйкес бастапқы жіктеу	9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес жаңа жіктеу	39 ХҚЕС (IAS) сәйкес бастапқы баланстық құн	9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес жаңа баланстық құн
Қаржылық активтер					
Үлестік бағалы қағаздар	(а)	Сату үшін қолда бары	Өзге жиынтық кіріс – үлестік құрал арқылы әділ құн	403,617	237,591
Қарыздар және дебиторлы қ берешек	(б)	Қарыздар және дебиторлы қ берешек	Амортизациял анған құны	19,164,796	19,118,312
Сауда және өзге де дебиторлық берешек					
Ақша қаражаты және олардың баламалары және пайдалануда шектелген ақша қаражаты	(б)	Қарыздар және дебиторлы қ берешек	Амортизациял анған құны	3,177,424	3,153,286
Барлық қаржы активтері				22,745,837	22,509,189

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(а) Есеп саясатының маңызды қағидаттарының өзгеруі, жалғасы

9 ХҚЕС (IFRS) "Қаржы құралдары", жалғасы

(i) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау, жалғасы

(а) Осы үлестік бағалы қағаздар Компания ұзақ мерзім ішінде стратегиялық мақсаттарда ұстап тұруға ниеттенген инвестициялар болып табылады. Компания өз қалауы бойынша осы инвестицияларды бастапқы қолдану күніне өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктейді, бұған 9 ХҚЕС (IFRS) рұқсат етеді. 39 ХҚЕС-ға (IAS) қарағанда жаңа стандартқа сәйкес бұл инвестицияларға жататын әділ құнының өзгеруінің жинақталған резерві пайданың немесе залалдың құрамына ешқашан қайта жіктелуі мүмкін емес.

(б) Сауда және өзге де дебиторлық берешек, сондай-ақ 39 ХҚЕС (IAS) сәйкес қарыздар және дебиторлық берешек ретінде жіктелген, ақша қаражаты мен олардың баламалары және пайдалануда шектелген ақша қаражаты енді амортизацияланған құны бойынша жіктеледі. 46,484 мың теңге мөлшерінде сауда және басқа да дебиторлық берешектің, сондай-ақ 24,138 мың теңге мөлшерінде ақша қаражаты мен олардың баламалары және пайдалануда шектелген ақша қаражатының құнсыздануына резервтің ұлғаюы 9 ХҚЕС (IFRS) көшу кезінде 2018 жылғы 1 қаңтардағы бөлінбеген пайданың кіріспе шамасының құрамында танылды.

(ii) Қаржы активтерінің құнсыздануы

9 ХҚЕС (IFRS) 39 ХҚЕС-да (IAS) пайдаланылатын "келтірілген шығындар" моделін "күтілетін кредиттік шығындар" моделіне ауыстырады. Құнсызданудың жаңа моделі амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне, шарт бойынша активтерге және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларға қолданылады, бірақ үлестік құралдарға инвестицияларға қолданылмайды. 9 ХҚЕС-ға (IFRS) сәйкес кредиттік зияндар 39 ХҚЕС (IAS) сәйкестікке қарағанда бұрын танылады.

9 ХҚЕС (IFRS) құнсыздануын бағалау моделін қолдану саласына жататын активтер бойынша, әдетте, құнсызданудан болған шығындар ұлғаяды және одан да көп құбылмалылық болады деп күтілуде.

Компания 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құнсыздануға қатысты 9 ХҚЕС (IFRS) талаптарын қолдану құнсызданудан болған залалдарға резервтің мынадай қосымша сомаларын көрсетуге әкеп соқтыратынын анықтады.

мың теңге

39 ҚЕХС (IAS) сәйкес 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсызданудан болған залалдарға арналған бағалау резервтері

-

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша танылған құнсызданудың қосымша сомалары:

Сауда және өзге де дебиторлық берешек	46,484
---------------------------------------	--------

Пайдалануда шектелген ақша қаражаты	23,820
-------------------------------------	--------

Ақша қаражаты және олардың баламалары	318
---------------------------------------	-----

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес құнсызданудан

болған залалдарға арналған бағалау резерві

70,622

Компанияның құнсыздануға арналған резервті қалай бағалайтыны туралы қосымша ақпарат 23(б) Ескертпеде келтірілген.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(а) Есеп саясатының маңызды қағидаттарының өзгеруі, жалғасы

9 ХҚЕС (IFRS) "Қаржы құралдары", жалғасы

(iii) Жаңа стандартқа көшу

9 ХҚЕС (IFRS) көшу нәтижесінде есеп саясатындағы өзгерістер төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ретроспективті түрде қолданылды.

- Компания қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға (құнсыздануды қоса алғанда) қойылатын талаптар бөлігінде өткен кезеңдердегі салыстырмалы деректерді қайта есептемеуге мүмкіндік беретін босатуды пайдаланды. Тиісінше, салыстырмалы кезеңдер үшін деректер қайта есептелмеді. Құралдардың бұрынғы баланстық құны мен олардың 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес баланстық құны арасындағы айырма 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бөлінбеген пайда құрамында танылады. Тиісінше, 2017 жылға ұсынылған ақпарат, әдетте, 9 ХҚЕС (IFRS) емес, 39 ХҚЕС (IAS) талаптарын көрсетеді.
- Келесі бағалаулар бастапқы қолдану күні болған фактілер мен жағдайларға байланысты жасалды.
- Қаржы активін ұстап тұратын бизнес-модельді анықтау.
- Компанияның қалауы бойынша анықтау және пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатына кейбір қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді бұрын жасалған айқындауды жою.
- Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа саудаға арналмаған үлестік құралдарға кейбір инвестицияларды Компанияның қалауы бойынша айқындау.

(б) Шетел валютасындағы операциялар

Шетел валютасындағы операциялар осы операциялар жасалған күнге айырбастау бағамдары бойынша Компанияның функционалдық валютасына қайта есептеледі. Есепті күнге шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер осы есепті күнге қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Монетарлық баптар бойынша оң немесе теріс бағамдық айырма есепті кезеңдегі төлемдерді ескере отырып, сыйақының тиімді мөлшерлемесі бойынша есептелген есепті кезеңнің басындағы функционалдық валютадағы тиісті баптың амортизацияланған құны мен осы есепті кезеңнің соңындағы айырбастау бағамы бойынша қайта есептелген шетел валютасындағы осы баптың амортизацияланған құны арасындағы айырманы білдіреді.

Шетел валютасында көрсетілген және әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетелдік валютадағы бастапқы құны негізінде бағаланатын монетарлық емес баптар тиісті операция жасалған күнгі айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі.

(в) Қаржы құралдары

(i) Тану және бастапқы бағалау

Саудалық дебиторлық берешек бастапқыда ол пайда болған кезде танылады. Барлық өзге қаржы активтері мен міндеттемелері бастапқыда Компания аталған құралдар мәні болып табылатын шарттық қатынастарға кіргенде танылады.

Қаржылық актив (егер бұл қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ саудалық дебиторлық берешек болмаса) немесе қаржылық міндеттеме бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ саудалық дебиторлық берешек бастапқыда мәміле бағасы бойынша бағаланады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(ii) Жіктеу және кейінгі бағалау

Қаржы активтері – 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын саясат

Бастапқы тану кезінде қаржылық актив бағаланатын ретінде жіктеледі: өзге жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны бойынша және әділ құны бойынша – үлестік құралдар үшін.

Қаржы активтері, егер Компания қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертсе ғана, оларды бастапқы танығаннан кейін қайта жіктеледі және бұл жағдайда ықпал еткен барлық қаржы активтері бизнес-модельдің өзгеруінен кейінгі бірінші есепті кезеңнің бірінші күнінде қайта жіктеледі.

Қаржы активі, егер ол төмендегі екі шарттарға жауап берсе және Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмесе ғана амортизацияланған құны бойынша бағаланады:

- ол шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады және
- оның шарттық талаптары негізгі соманың өтелмеген бөлігіне тек негізгі соманы және проценттерді төлеуді білдіретін ақша ағындарының белгіленген мерзімде туындауын көздейді.

Саудаға арналмаған үлестік құралдарға инвестицияларды бастапқы тану кезінде Компания өз қалауы бойынша, оны кейіннен жою құқығынсыз, өзге жиынтық кіріс құрамында олардың әділ құнының кейінгі өзгерістерін ұсынуға шешім қабылдады. Бұл таңдау әрбір инвестициялар үшін жеке жүргізіледі.

Қаржы активтері-бизнес-модельді бағалау: 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын саясат

Компания қаржы құралдары портфелінің деңгейінде активті ұстап тұратын бизнес-модельдің мақсатына бағалау жүргізеді, өйткені бұл бизнесті басқару және басшылыққа ақпарат беру тәсілін неғұрлым жақсырақ көрсетеді. Бұл ретте мынадай ақпарат қаралады:

- осы портфель үшін белгіленген саясат пен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттардың іс жүзінде қолданылуы. Бұл басшылықтың шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын қолдауға, қаржы активтерін өтеу мерзімдерінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне немесе ақша қаражатының күтілетін жылыстауына немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын өткізуге сәйкестігін қамтамасыз етуге арналған стратегиясын қамтиды.
- Портфельдің нәтижелілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Компания басшылығының назарына қалай жеткізіледі.
- Бизнес-модельдің нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтері) және осы тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады.
- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы қалай жүзеге асырылады (мысалы, бұл сыйақы көрсетілген активтердің әділ құнына немесе активтер бойынша алынған ақша қаражатының шартта көзделген ағындарына байланысты ма).
- Өткен кезеңдерде қаржы активтерін сату жиілігі, көлемі және мерзімдері, осындай сатудың себептері, сондай-ақ болашақ сату деңгейіне қатысты күтілетіндер.

Тануды тоқтату өлшемдеріне жауап бермейтін мәмілелерде үшінші тараптарға қаржы активтерін беру осы мақсат үшін сату ретінде қарастырылмайды және Компания осы активтерді тануды жалғастырады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(ii) Жіктеу және кейінгі бағалау, жалғасы

Қаржы активтері - шартта көзделген ақша қаражатының ағындары тек негізгі сома мен пайыздарды төлеу болып табылатындығын бағалау: 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын саясат

Осы бағалаудың мақсаттары үшін "негізгі сома" оны бастапқы тану кезінде қаржылық активтің әділ құны ретінде айқындалады. "Пайыздар" ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредит беруге байланысты басқа да негізгі тәуекелдер мен шығындар үшін (мысалы, өтімділік тәуекелі және әкімшілік шығындар) өтеу ретінде айқындалады, сондай-ақ пайда маржасын қамтиды.

Шартта көзделген ақша ағындарының негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздардың тек қана төлемдері болып табылатындығын ("SPPI критерийі") бағалау кезінде Компания қаржы құралының шарттық талаптарын талдайды. Мұнда қаржылық активтің шартпен көзделген ақша ағындарының мерзімін немесе сомасын қаржылық актив талданатын талапты қанағаттандырмайтындай етіп өзгертуі мүмкін қандай да бір шарттық талаптың бар-жоғын бағалау кіреді. Бағалау жүргізу кезінде Компания мыналарды талдайды:

- ақша қаражаты ағындарының мерзімін немесе сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- ауыспалы мөлшерлеме туралы талаптарды қоса алғанда, шартта көзделген купондық мөлшерлемені түзетуі мүмкін шарттар;
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданылу мерзімін ұзарту туралы шарттар; және
- Компанияның талаптарын келісілген активтерден ақша ағындарымен шектейтін шарттар (мысалы, кері талап құқығынсыз қаржы активтері).

Мерзімінен бұрын өтеу туралы шарт егер мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленген сома негізгі соманың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлігіне пайыздарды мәні бойынша ұсынған жағдайда SPPI критерийіне сәйкес келеді және шарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін. Бұдан басқа, мерзімінен бұрын өтеу туралы талап, егер қаржы активі шартта көрсетілген номинал сомаға қатысты сыйақымен немесе дисконтпен сатып алынған немесе жасалған жағдайда, мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленуге жататын сома мәні бойынша шартта көрсетілген номиналды соманы және шартта көзделген есептелген (бірақ төленбеген) пайыздарды (және шарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны да қамтуы мүмкін) білдіреді; және қаржы активін бастапқы тану кезінде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы талабының әділ құны болымсыз болып табылады.

Қаржылық активтер - кейінгі бағалау және пайда мен залалдар: 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын саясат, жалғасы

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	Бұл активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн құнсызданудан болған шығындар шамасына азайтылады. Пайыздық кіріс, оң және теріс бағамдық айырмалар және құнсыздану сомалары пайда немесе залал құрамында танылады. Тануды тоқтатудан болған кез келген пайда немесе залал кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдарға инвестициялар	Бұл активтер кейіннен әділ құн бойынша бағаланады. Дивидендтер, егер дивиденд инвестициялардың бастапқы құнының бір бөлігін өтеуді білдіретіні анық болмаса, кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамындағы табыс ретінде танылады. Пайданың немесе залалдың өзге де нетто-шамасы өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады және кезең ішінде пайданың немесе залалдың санатына ешқашан қайта жіктелмейді.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(ii) Жіктеу және кейінгі бағалау, жалғасы

Қаржы активтері – 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылған саясат

Компания өзінің қаржылық активтерін келесі санаттардың біріне жіктеді:

- Кредиттер және дебиторлық берешек; және
- сату үшін қолда бары.

Қаржылық активтер - кейінгі бағалау және пайда мен залалдар: 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған саясат

Кредиттер және дебиторлық берешек	Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланды.
Сату үшін қолда бар қаржы активтері	Құнсызданудан, пайыздық кірістен және борыштық құралдар бойынша бағамдық айырмадан басқа өзгерістері өзге жиынтық кіріс құрамында танылған әділ құн бойынша бағаланды. Осы активтерді тану тоқтатылған кезде меншікті капитал құрамында жинақталған пайда немесе залал, пайда немесе залал құрамына қайта жіктелді.

Қаржылық міндеттемелер - жіктеу, кейінгі бағалау және пайда мен залалдар

Қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржылық міндеттеме пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі, егер ол саудаға арналған ретінде жіктелетін болса, бұл туынды құрал. Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер әділ құн бойынша бағаланады және кез келген пайыздық шығысты қоса алғанда, пайда мен залалдың нетто-шамасы пайда немесе шығын құрамында танылады. Өзге қаржылық міндеттемелер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Пайыздық шығыс пен оң және теріс бағамдық айырмалар пайда немесе залал құрамында танылады. Тануды тоқтату кезінде туындайтын кез келген пайда немесе залал пайда немесе залал құрамында танылады.

(iii) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер талаптарын түрлендіру

Қаржылық активтер

Егер қаржы активінің шарттары өзгерсе, Компания осындай түрленген актив бойынша ақша қаражаты ағынының айтарлықтай ерекшеленетінін бағалайды. Егер ақша қаражатының ағындары айтарлықтай өзгеше болса ("шарттардың едәуір түрленуі"), онда бастапқы қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша қаражатының ағындарына құқықтар аяқталды деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржы активін тану тоқтатылады және жаңа қаржы активі әділ құн бойынша есепте танылады.

Компания шарттардың түрленуі елеулі болып табылатындығына, яғни бастапқы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындары мен түрленген немесе оны ауыстырған қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындары айтарлықтай айырмашылығы бар-жоғына сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Компания сапалық факторларды, сандық факторларды, сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, шарттарды түрлендірудің маңыздылығына сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Егер ақша қаражатының ағындары едәуір өзгеше болса, онда шартта көзделген бастапқы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындарына құқықтар аяқталды деп есептеледі. Осы бағалауды жүргізу кезінде Компания аналогия бойынша қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер талаптарын түрлендіру, жалғасы

Қаржылық активтер, жалғасы

Компания шарттардың түрленуі келесі сапалық факторлардың негізінде елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржы активінің валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету типін немесе активтің сапасын арттырудың басқа да құралдарын өзгерту;
- SPPI критерийіне сәйкес келмейтін қаржы активінің шарттарын өзгерту (мысалы, конвертация шарттарын қосу).

Егер амортизацияланған құн бойынша бағаланатын түрленген актив бойынша ақша қаражатының ағындары айтарлықтай ерекшеленбесе, онда шарттардың мұндай түрленуі қаржылық активті тануды тоқтатуға әкеп соқпайды. Бұл жағдайда Компания қаржылық активтің жалпы баланстық құнын қайта есептейді және жалпы баланстық құнды түзету сомасын пайда немесе залал құрамында түрлендіруден пайда немесе залал ретінде таниды. Қаржы активінің жалпы баланстық құны осы қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған ақша қаражатының қайта қаралған немесе түрленген ағындарының келтірілген құны ретінде қайта есептеледі. Жұмсалған шығындар мен комиссиялар түрлендірілген қаржы активінің баланстық құнын түзетеді және түрлендірілген қаржы активінің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Қаржылық міндеттемелер

Компания қаржылық міндеттемені тануды, оның шарттары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасы айтарлықтай өзгертін жолмен өзгертілгенде тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген шарттары бар жаңа қаржылық міндеттеме әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен түрлендірілген шарттары бар жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Егер шарттардың түрлендірілуі (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуға әкелмесе, Компания шарттардың түрленуі қаржылық активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаған жағдайларда қаржылық активтің жалпы баланстық құнын түзетуге қатысты тәсілмен келісілген есеп саясатын қолданады, яғни Компания шарттарды түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) күніне пайда немесе шығын құрамында осындай модификациялау (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) нәтижесінде туындайтын қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнының кез келген түзетуін таниды.

Қолданыстағы қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындары шамасының өзгеруі, егер олар шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, шарттардың түрленуі болып саналмайды.

Компания сапалық факторлар мен сандық факторларды, сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, шарттарды түрлендірудің маңыздылығына сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Компания келесі сапалық факторлардың негізінде шарттардың түрлендірілуі елеулі болып табылатыны туралы қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттеме валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету түрін немесе міндеттеме сапасын арттырудың басқа да құралдарын өзгерту;
- конвертация шарттарын қосу;
- қаржылық міндеттеме субординациясының өзгеруі.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(в) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер талаптарын түрлендіру, жалғасы

Қаржылық міндеттемелер, жалғасы

Сандық бағалауды жүргізу мақсаттары үшін, егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша алынған, дисконтталған комиссиялық сыйақыны шегергендегі комиссиялық сыйақыны төлеуді қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша қаражаты ағындарының келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша қаражаты ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде 10% - ға өзгеше болса, шарттар едәуір өзгеше болып саналады. Егер бір борыштық құралды басқасына ауыстыру немесе оның шарттарын түрлендіру есепте өтеу ретінде көрсетілсе, онда келтірілген шығындар немесе комиссиялар тиісті борыштық міндеттемені өтеуден түскен пайданың немесе залалдың бір бөлігі ретінде танылады. Егер бір борыштық құралды басқасына ауыстыру немесе оның шарттарын түрлендіру есепте өтеу ретінде көрсетілмейтін болса, онда келтірілген шығындар немесе комиссиялар сомасына тиісті міндеттеменің баланстық құны түзетіледі және бұл түзету түрлендірілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

(iv) Тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Компания қаржы активін тануды ол осы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындарына шартта көзделген құқықтарды жоғалтқан кезде не ол екінші тарапқа осы қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалар іс жүзінде берілетін, немесе Компания осы қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың елеулі бөлігін беретін, не сақтайтын, бірақ қаржы активіне бақылауды сақтамайтын мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу құқығын беретін сәтте тоқтатады.

Компания шарттары бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған активтерді беретін мәмілелерді жасайды, бірақ бұл ретте берілген активтерге меншік құқығынан туындайтын барлық немесе іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы өзінде сақтайды. Мұндай жағдайларда берілген активтерді тану тоқтатылмайды.

Қаржылық міндеттемелер

Компания ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күші жойылған немесе тоқтатылған кезде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Компания сондай-ақ қаржылық міндеттемені тануды, оның шарттары түрлендірілген және осындай түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша ағындарының шамасы айтарлықтай өзгеше болған кезде тоқтатады және бұл жағдайда туындаған түрлендірілген шарттарға негізделген жаңа қаржылық міндеттеме әділ құн бойынша танылады.

Қаржылық міндеттемені тану тоқтатылған кезде өтелген баланстық құн мен төленген өтеу арасындағы айырма (кез келген берілген ақшалай емес активтерді немесе өзіне қабылданған міндеттемелерді қоса алғанда) пайда немесе залал құрамында танылады.

(v) Өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер Компания қазіргі уақытта заңдық қорғаумен қамтамасыз етілген танылған сомаларды өзара есепке алуды жүзеге асыруға құқығы бар және нетто-негізде олар бойынша есеп айырысуды жүргізуге не активті сатуға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниеттенген жағдайда ғана нетто-шамада қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алынады және ұсынылады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(г) Жарғылық капитал

Жарғылық капитал меншікті капитал санатына жіктеледі. Жарғылық капиталдың ұлғаюына тікелей байланысты қосымша шығындар салық әсерін ескере отырып, меншікті капиталының шамасынан шегерім ретінде көрсетіледі.

(д) Өндіріске дайындау бойынша шығындар

(i) Сатып алу құны

Өндіріске дайындау бойынша шығындар амортизацияның жинақталған сомаларын және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі.

Компания жер қойнауының барланбаған учаскелерінде пайдалы қазбалар қорларын анықтауға қатысты шығындарды көтереді. Бұл шығындар барлау аяқталған сәтке дейін барлау және бағалау активтері ретінде капиталдандырылады. Жобаның техникалық жүзеге асырылуы мен коммерциялық рентабельділігіне жүргізілген бағалаудан кейін барлаулық бұрғылауға, топографиялық, геологиялық және геофизикалық зерттеуге, сондай - ақ уран өндіру технологиясын дамыту және жобаның экономикалық орындылығын растау мақсатында тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруге арналған шығындарды қоса алғанда, барлау және бағалау қызметіне қатысты шығындар құнсыздануға төстіленеді және өндіріске дайындық жөніндегі шығындар санатына ауыстырылады.

Компания сондай-ақ бағаланған учаскелерде уранды коммерциялық алуға байланысты шығындарды көтереді. Бұл шығындар айдау, сору, бақылау және барлау ұңғымаларын, ұңғымаларды қайта бұрғылауды, полигондардың жер үсті инфрақұрылымын, байластыруды қоса алғанда, ерітінділерді бөлу тораптарын, ішкі жолдарды, реагенттерді беруге арналған эстакадаларды және т. б. салу құнын қамтиды. Полигондарды салуға арналған шығындар өндіріске дайындау жөніндегі материалдық шығындар ретінде танылады.

(ii) Амортизация

Амортизацияны есептеу уранды өнеркәсіптік бөліп алу сәтінен басталады. Өндіріске дайындау бойынша материалдық емес шығындар олар жататын кен орындарында алынатын қорлардың көлеміне қарай өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады. Нақты блокқа жататын өндіріске дайындау жөніндегі материалдық шығындар бастапқы барлау, сондай-ақ полигонды салу процесінде жүргізілетін одан әрі барлау процесінде айқындалған осы блок бойынша ағымдағы өндіру мен қорлардың көлемін негізге ала отырып, өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады. Барлық кен орнына жататын өндіріске дайындау жөніндегі материалдық шығындар Келісімшарттың қолданылу кезеңі ішінде алу жоспарланып отырған жер қойнауының қорлары негізінде өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады. Компания өндірістік әдіс ретінде өндірілген қорлардың көлеміне барабар құнды есептен шығару әдісін түсінеді.

(е) Негізгі құралдар

(i) Тану және бағалау

Негізгі құралдар объектілері амортизацияның жинақталған сомаларын және егер бар болса, құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Өзіндік құнға тиісті активті сатып алумен тікелей байланысты шығындар енгізіледі. Өз күшімен тұрғызылған (салынған) активтердің өзіндік құнына материалдарға арналған шығындар, еңбекке ақы төлеуге арналған тікелей шығындар, активтерді мақсаты бойынша пайдалану үшін жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты барлық басқа шығындар, активтерді бөлшектеу мен алып тастауға және олар орналасқан учаскені қалпына келтіруге арналған шығындар және қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындар енгізіледі. Тиісті жабдықтың функционалдық мақсатына тікелей байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға арналған шығындар осы жабдықтың құнына капиталдандырылады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(е) Негізгі құралдар, жалғасы

(i) Тану және бағалау, жалғасы

Егер негізгі құралдар объектісін құрайтын елеулі компоненттер пайдалы қолданудың әртүрлі мерзіміне ие болса, олар негізгі құралдардың жекелеген объектілері (елеулі компоненттер) ретінде ескеріледі.

Негізгі құралдардың объектісін шығарудан болған пайда немесе залалдың кез келген сомасы оны шығарудан түсімдерді оның баланстық құнымен салыстыру арқылы анықталады және кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында "басқа да кірістер" немесе "басқа шығыстар" жолы бойынша нетто-шамада танылады.

(ii) Кейінгі шығындар

Негізгі құралдар объектісінің елеулі компоненттерін ауыстырумен байланысты шығындар, егер Компания көрсетілген компонентке байланысты болашақта ықтимал экономикалық пайда алатын және оның құнын сенімді бағалауға болатын жағдайда осы объектінің баланстық құнын ұлғайтады. Ауыстырылған компоненттің баланстық құны есептен шығарылады. Негізгі құралдар объектілеріне күнделікті қызмет көрсету шығындары туындаған сәтте кезең ішінде пайда немесе залал құрамында танылады.

(iii) Амортизация

Негізгі құралдардың объектілері олар орнатылған және пайдалануға дайын болған күннен бастап, ал өз күшімен тұрғызылған негізгі құралдардың объектілері үшін – объектінің құрылысы аяқталған және оны пайдалануға дайын болған сәттен бастап амортизацияланады. Амортизациялау активтің өзіндік құны негізінде оның есептік қалдық құнын шегере отырып есептеледі.

Амортизация тау-кен-өндірістік кешен объектілеріне жататын ғимараттар мен құрылыстар бойынша есептеледі, жер қойнауының расталған қорлары негізінде өндірістік әдіспен есептеледі. Ғимараттар мен құрылыстардан бөлінбейтін жабдықтарға амортизацияның өндірістік әдісі қолданылады. Бұл ретте кеніштегі, бірақ жеке пайдаланылатын, тасымалдауға жарамды және басқа пайдалану орындарына берілуі мүмкін машиналар мен жабдықтарға, амортизацияны біркелкі есептеу әдісі қолданылады.

Машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары және өзге де негізгі құралдар оны пайдалы қолданудың күтілетін мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады, өйткені дәл осындай әдіс активке негізделген болашақ экономикалық пайданы күтілетін тұтынудың сипатын неғұрлым дәл көрсетеді және амортизациялық аударымдар кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамына енгізіледі.

Есепті және салыстырмалы кезеңдерде негізгі құралдарды пайдалы қолданудың күтілетін мерзімдері төмендегідей болды:

Ғимараттар мен құрылыстар	Өндірістік әдіс;
Тұрғын ғимараттар	20 жыл;
Машиналар мен жабдықтар	3-10 жыл;
Көлік құралдары	5-10 жыл;
Басқалары	3-7 жыл.

Амортизация әдістері, пайдалы қолданудың күтілетін мерзімдері және негізгі құралдардың қалдық құны әрбір есепті күнгі жағдай бойынша талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(ж) Қорлар

Қорлар екі шаманың ең азы бойынша көрсетіледі: нақты өзіндік құны мен ықтимал сатудың таза құны. Қорлардың нақты өзіндік құны орташа өлшенген құн қағидаты негізінде айқындалады, оған қорларды сатып алуға арналған шығындар, өндіруге немесе қайта өңдеуге арналған шығындар және қорларды олардың осы орналасқан жеріне дейін жеткізуге және оларды тиісті күйге келтіруге арналған өзге де шығындар енгізіледі.

Өзіндік өндірістің қорлары мен аяқталмаған өндіріс объектілеріне қатысты нақты өзіндік құнға кәсіпорынның өндірістік қуаттарын қалыпты (нормативтік) жүктеу кезінде өндірістің стандартты көлеміне сүйене отырып есептелетін үстеме шығыстардың тиісті үлесі де қосылады.

Ықтимал сатудың таза құны кәсіпорынның әдеттегі шаруашылық қызметі барысында осы объект бойынша жұмыстарды орындауды аяқтауға және оны сатуға арналған есептік шығындарды шегере отырып, қор объектісін сатудың болжамды (есептік) бағасын білдіреді.

(з) Құнсыздану

(і) Өндірістік емес қаржы активтері

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын саясат

Қаржы құралдары

Компания ККЗ-ға қатысты залалмен бағалау резервтерін мойындайды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдарға инвестициялар.

Компания танылатын резервтің сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең болатын келесі құралдарды қоспағанда, барлық мерзім ішінде ККЗ-ға тең сомада залалдар бойынша резервтерді бағалайды:

- Кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап елеулі түрде жоғарыламаған банк шоттары бойынша қалдықтар (яғни қаржы құралының күтілетін әрекет ету мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелі).

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты шығындар үшін бағалау резервтері барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға әрдайым тең сомада бағаланатын болады.

Бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы орын алған-алмағанын бағалау кезінде және ККЗ бағалау кезінде Компания орынды және шамадан тыс шығынсыз немесе күш-жігерсіз қолжетімді негізделген және расталған ақпаратты талдайды. Бұл Компанияның өткен тәжірибесіне және кредиттік сапаны бағалауға негізделген сандық және сапалық ақпаратты және талдауды және болжамды ақпаратты қамтиды.

Компания қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекел, егер ол 30 күннен астам уақыт мерзімі өткен болса, айтарлықтай көтерілді деп жорамалдайды.

Қаржы активін Компания мынадай жағдайларда дефолт оқиғасы болған қаржы активтеріне жатқызады:

- қарыз алушы Компания алдындағы өзінің кредиттік міндеттемелерін кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру (ол болған жағдайда) сияқты шараларды қолданбай толық көлемде өтейтіндігі екіталай; немесе
- қаржы активі 90 күннен астам уақытқа кешіктірілген.

Компания, егер оның кредиттік рейтингі әлемде жалпы қабылданған "инвестициялық сапа" рейтингінің анықтамасына сәйкес келсе, борыштық бағалы қағаздың кредиттік тәуекелі төмен деп санайды. Компания оны Moody's немесе BBB - немесе одан жоғары рейтинг агенттігінің бағалауы бойынша Baa3 тең немесе Standard & Poor's рейтинг агенттігінің бағалауы бойынша одан жоғары деп қарастырады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(3) Құнсыздану, жалғасы

(i) Туынды емес қаржы активтері, жалғасы

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылатын саясат, жалғасы

Қаржы құралдары, жалғасы

Барлық мерзім ішіндегі ККЗ - бұл қаржы құралының күтілетін әрекет ету мерзімі ішінде дефолттың барлық ықтимал оқиғаларының нәтижесінде пайда болатын ККЗ.

12-айлық ККЗ есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын дефолт оқиғаларының (немесе қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі 12 айдан аз болса, неғұрлым қысқа кезең) нәтижесінде пайда болатын ККЗ бөлігін білдіреді.

Ең жоғары кезең ККЗ Компания кредиттік тәуекелге ұшырауы мүмкін шартта көзделген ең жоғары кезең үшін бағаланған кезеңде қаралады.

ККЗ бағалау

Күтілетін кредиттік шығындар ықтималдықты, кредиттік залалды ескере отырып өлшенген есептік бағалауды білдіреді. Кредиттік шығындар барлық күтілетін толық алынбаған ақша қаражатының келтірілген құны ретінде бағаланады (яғни шартқа сәйкес Компанияға тиесілі ақша ағындары мен Компания алуды күткен ақша ағындарының арасындағы айырмашылық).

ККЗ осы қаржы активінің пайызының тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері

Әрбір есепті күнге Компания кредиттік құнсыздану мәніне амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді бағалайды. Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша болашақ есеп айырысу ақша ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға орын алған кезде "кредиттік-құнсызданған" болып табылады.

Қаржы активінің кредиттік құнсыздануын растау, атап айтқанда, мынадай байқалатын деректер болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлем мерзімі 90 күннен артық кешіктіріліп, шарт талаптарының бұзылуы;
- Компанияның қарызды немесе аванстық төлемді өзге жағдайларда ол қарамайтын шарттарда қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкроттығы немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастырылуы ықтималдығының пайда болуы; немесе
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

Қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін кредиттік залалдардың бағалау резервін ұсыну

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша залалдарға арналған бағалау резервтері осы активтердің жалпы баланстық құнынан шегеріледі.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға қатысты залалдарға арналған бағалау резерві пайданың немесе залалдың құрамында есептеледі және өзге жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(3) Құнсыздану, жалғасы

(i) Туынды емес қаржы активтері, жалғасы

Қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін кредиттік залалдардың бағалау резервін ұсыну, жалғасы

Есептен шығару

Қаржы активінің толық баланстық құны Компанияда қаржы активінің толық сомасының немесе оның бір бөлігінің өтелуін күтуге негіз болмаған кезде есептен шығарылады. Кәсіпорындарға қатысты Компания сомаларды өтеудің негізделген болжамдарына сүйене отырып, есептен шығару мерзімі мен сомасы бойынша жеке бағалауды орындайды. Компания есептен шығарылған сомаларды айтарлықтай өтеуді күтпейді. Алайда есептен шығарылған қаржы активтері тиесілі сомаларды өтеуге қатысты Компанияның рәсімдеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында құқық қолдану объектісі болып қала беруі мүмкін.

2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған саясат

Өндірістік емес қаржы активтері

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген қаржы активтері құнсызданудың объективті дәлелінің бар-жоғын анықтау үшін әрбір есепті күнге бағаланды.

Қаржы активтері құнсыздануының объективті дәлеліне кіретіндер:

- борышкер тарапынан дефолт немесе мерзімін өткізіп алу;
- Компанияның өзге жағдайларда ол қарамайтын шарттарда төлеуге тиесілі соманы қайта құрылымдауы;
- борышкер немесе эмитент банкроттық рәсімін бастайтыны туралы белгілер;
- қарыз алушы немесе эмитент тарапынан төлем мәртебесінің теріс өзгеруі;
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуы; немесе
- қаржылық активтер тобынан ақша қаражатының күтілетін ағындарының шамасының бағалауға келетін азаюы орын алғандығын көрсететін бақыланатын деректер.

Үлестік құралға инвестицияларға қатысты құнсызданудың объективті дәлелі оның әділ құнының оның бастапқы құнының шамасынан төмен елеулі немесе ұзақ уақыт бойы төмендеуін қамтыды.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	Компания осы қаржы активтері бойынша жеке негізде құнсыздану дәлелін талдады. Құнсызданудан болған залал активтің баланстық құны мен осы актив үшін пайыздың бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша қаражатының болашақтағы бағалау ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептелді. Залалдар пайда немесе залал құрамында танылған және бағалау резервтерінің шоты бойынша көрсетілген. Компания активті өтеудің нақты перспективасы жоқ деп есептеген кезде, тиісті сомалар есептен шығарылды. Егер құнсызданудан болған шығын сомасы кейіннен азайса және бұл азаю құнсыздануды танығаннан кейін туындаған оқиғаға объективті түрде қатысты болса, онда құнсызданудан болған бұрын танылған залал пайда немесе залал құрамында қалпына келтірілді.
Сату үшін қолда бар қаржы активтері	Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған залалдар пайда немесе залал құрамында танылған. Сом негізгі сома мен амортизацияның кез келген төлемдерін шегере отырып, сатып алу құны мен бұрын пайда немесе залал құрамында танылған құнсызданудан болған залалды шегере отырып, ағымдағы әділ құн арасындағы айырманы білдіреді. Сату үшін қолда бар ретінде жіктелген үлестік құралға инвестициялар бойынша пайда немесе залал құрамында танылған құнсызданудан болған залалдар пайда немесе залал құрамында қалпына келтірілмеген.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(3) Құнсыздану, жалғасы

(i) Туынды емес қаржы активтері, жалғасы

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылған саясат, жалғасы

Туынды емес қаржы активтері, жалғасы

Әрбір есепті күнгі жағдай бойынша өзгеруі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының санатына жатқызылмаған, үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар объектісіндегі қатысу үлесін қоса алғанда, қаржылық актив оның құнсыздануының объективті дәлелді болуы тұрғысынан тексеріледі. Егер активті бастапқы танудан кейін залалға әкеп соғатын оқиға орын алғанын және бұл оқиға сенімді бағалауға болатын қаржылық актив бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарына теріс әсер еткеніне объективті дәлелдер болса, қаржы активі құнсызданған болып табылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті дәлеліне (үлестік бағалы қағаздарды қоса алғанда) мыналар жатуы мүмкін:

- борышкерлердің өз міндеттерін төлемеуі немесе өзге де орындамауы, өзге жағдайда Компания қарамауы мүмкін шарттарда Компания алдындағы берешекті қайта құрылымдауы,
- борышкердің немесе эмитенттің болашақ банкроттығының белгілері,
- дефолттармен корреляцияланатын экономикалық жағдайлар,
- қандай да бір бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуы, немесе
- қаржылық активтер тобынан күтілетін ақша ағындарының төмендеуін көрсететін қадағаланатын деректер.

Бұдан басқа, үлестік бағалы қағаздарға салынған инвестициялардың құнсыздануының объективті дәлелі оның әділ құнының оның өзіндік құнынан едәуір немесе жалғасқан түрде төмендеуі болып табылады.

Сату үшін қолда бар қаржы активтері

Мұндай активтердің құнсыздануын куәландыратын белгілерді Компания жекелеген активтер деңгейінде де, сондай-ақ портфель деңгейінде де қарайды. Әрқайсысының жеке алынған шамасы елеулі болып табылатын осындай барлық активтер жеке тәртіппен құнсыздану мәніне бағаланады. Егер жеке-жеке тексерілген елеулі активтердің құнсызданған болып табылмайтыны анықталған жағдайда, оларды пайда болған, бірақ әлі тіркелмеген құнсыздану мәніне тексеру үшін портфельге біріктіреді.

Шамасы жеке алғанда елеулі болып табылмайтын активтер тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар активтерді портфельге біріктіру жолымен құнсыздану мәніне жиынтықта бағаланады.

Құнсыздануды куәландыратын фактілерді бағалау кезінде Компания дефолт ықтималдығы дәрежесіне, өтеу мерзімдеріне және келтірілген залалдың сомасына қатысты, нәтижесінде тарихи үрдістерге сүйене отырып күтуге болатын нақты шығындар көп немесе аз болуы мүмкін ағымдағы экономикалық және кредиттік жағдайларға қатысты басшылықтың пайымдауларын ескере отырып түзетілген тарихи деректерді талдайды.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(3) Құнсыздану, жалғасы

(i) Туынды емес қаржы активтері, жалғасы

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылған саясат, жалғасы

Амортизацияланатын құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активіне қатысты құнсызданудан болған залал сомасы активтің баланстық құны мен осы активтің бастапқы тиімді сыйақы мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеледі. Залалдар кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады және бағалау резервінің шотында көрсетіледі. Құнсызданудан болған залал шамасын азайтуға әкелетін қандай да бір келесі оқиға басталған жағдайда құнсызданудан болған залалға бұрын жатқызылған қалпына келтірілген сома кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

(ii) Қаржылық емес активтер

Қорлардың және кейінге қалдырылған салық активтерінен ерекшеленетін компанияның қаржылық емес активтерінің баланстық құны олардың ықтимал құнсыздану белгілерін анықтау үшін әрбір есепті күнге талданады. Мұндай белгілер болған кезде тиісті активтің өтелетін шамасы есептеледі. Құнсызданудан болған залал активтің немесе осы актив жататын ақша қаражатының ағындарын генерациялайтын бірліктің баланстық құны оның өтелетін шамасынан жоғары болған жағдайда танылады.

Ақша қаражатының ағындарын генерациялайтын активтің немесе бірліктің өтелетін шамасы екі шаманың ең үлкені болып табылады: осы активті (осы бірлікті) пайдалану құндылықтары және сату шығындарын шегеріп тастағандағы оның әділ құны. Пайдалану құндылығын есептеу кезінде болашақта күтілетін ақша қаражатының ағындары уақыт өте келе ақша құнының өзгеруінің ағымдағы нарықтық бағасын және осы актив үшін тән немесе ақша қаражатының ағынын генерациялайтын бірліктер үшін тән тәуекелдерді көрсететін дисконттаудың салыққа дейінгі мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың келтірілген құнына дейін дисконтталады. Құнсыздану мәніне тексеру жүргізу мақсаттары үшін жеке-жеке тексерілуі мүмкін емес активтер ең аз топқа біріктіріледі, оның шеңберінде тиісті активтерді жалғасты түрде пайдалану нәтижесінде ақша қаражатының ағыны генерацияланады және бұл ағым көп бөлігінде ақша қаражатының ағындарын генерациялайтын басқа активтер немесе бірліктер генерациялайтын ақша қаражатының ағынына байланысты емес.

Компанияның корпоративтік активтері ақша қаражатының жеке ағынын генерацияламайды және ақша қаражатының ағынын генерациялайтын бір бірліктен артық пайдаланылады. Корпоративтік активтер негізделген және дәйекті негізде ақша қаражатының ағындарын генерациялайтын бірліктерге бөлінеді және корпоративтік актив бөлінген ақша қаражатының ағындарын генерациялайтын бірліктердің құнсыздануына тексеру шеңберінде құнсыздану мәніне тексеріледі.

Құнсызданудан болған шығындар пайда немесе залал құрамында танылады. Ақша қаражатының ағындарын генерациялайтын бірліктердің құнсыздануынан болған залалдар алдымен осы бірліктерге (бірлік топтарына) бөлінген гудвиллдің баланстық құнын азайтуға, содан кейін тиісті бірлік (бірлік тобы) құрамындағы басқа активтердің баланстық құнын азайтуға барабар жатқызылады.

Басқа активтерге қатысты әрбір есепті күнге осы залалдың шамасын азайту керектігі немесе оны одан әрі тану керек еместігі белгілерін анықтау мақсатында өткен кезеңдердің бірінде танылған олардың құнсыздануынан болған залалды талдау жүргізіледі. Құнсызданудан болған залалға есептен шығарылған сомалар, егер тиісті өтелетін шаманы есептеу кезінде пайдаланылған бағалау факторлары өзгерген жағдайда қалпына келтіріледі. Құнсызданудан болған залал, егер құнсызданудан болған залал танылмаған жағдайдағыдай, активтердің құнын олардың баланстық құнына дейін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін сома шегінде ғана қалпына келтіріледі (амортизацияның жинақталған сомасын шегергенде).

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(и) Қызметкерлерге сыйақылар

(i) Белгіленген жарналары бар жоспарлар

Компания еңбек қызметі аяқталғаннан кейін зейнетақыларды немесе қызметкерлерге өзге де төлемдерді қамтамасыз етуге қатысты ешқандай шығыстарды көтермейді. Зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамаға сәйкес Компания қызметкерлердің жалақысынан зейнетақы жарналарын ұстап қалады және оларды зейнетақы қорларына аударады. Зейнетақы жарналарын төлегеннен кейін Компанияға одан әрі зейнеткерлік қамтамасыз ету ешқандай міндеттемелер жүктелмейді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін, барлық зейнетақы төлемдерін басқаруды тікелей зейнетақы қоры жүзеге асырады.

(ii) Қысқа мерзімді сыйақылар

Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақыларға қатысты міндеттеменің шамасын айқындау кезінде дисконттау қолданылмайды және тиісті шығыстар қызметкерлердің өз еңбек міндеттерін орындауына қарай танылады. Сыйақы төлеу немесе кірістерге қатысу бойынша қысқа мерзімді жоспардың шеңберінде төленуі күтілетін сомаларға қатысты, егер Компанияда қызметкердің бұрын өзінің еңбек қызметін жүзеге асыруы нәтижесінде туындаған тиісті соманы төлеу жөніндегі қолданыстағы құқықтық немесе конструктивтік міндеттемесі бар болса және осы міндеттеменің шамасын сенімді бағалауға болатын болса, міндеттеме танылады.

(к) Резервтер

Резерв, егер бұрынғы қандай да бір оқиғаның нәтижесінде Компанияда шамасын сенімді бағалауға болатын құқықтық немесе құрылымдық міндеттеме туындаған және осы міндеттемені реттеу үшін экономикалық пайданың жылыстауының талап етілетіннен жоғары ықтималдығы болған жағдайда танылады. Резервтің шамасы осы міндеттемеге тән уақыт пен тәуекелдердің ағымымен ақша құнының өзгеру әсерінің ағымдағы нарықтық бағалауын көрсететін салыққа дейінгі мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының күтілетін ағындарын дисконттау жолымен айқындалады. "Дисконтты босатуды" көрсететін сомалар қаржылық шығыстар ретінде танылады.

Учаскені қалпына келтіру

Компания жүзеге асыратын пайдалы қазбаларды өндіру қоршаған ортаны қорғау мәселелерін реттейтін түрлі заңдар мен нормативтік актілерге жатады. Компания басшылықтың қолданыстағы құқықтық талаптарды түсінуіне сүйене отырып және Келісімшарт талаптарына сәйкес учаскені қалпына келтіру міндеттемесі бойынша резервті бағалайды. Резерв міндеттеменің туындауына қарай учаскені қалпына келтіру жөніндегі шығындарға келтірілген таза құн негізінде қалыптастырылады. Болашақ кезеңдерде жұмсалатын нақты шығыстар резерв сомасынан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Бұдан басқа, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдар мен нормативтік актілердегі, кен орындарын бағалау шарттары мен дисконттау мөлшерлемелеріндегі болашақ өзгерістер резервтің баланстық құнына әсер етуі мүмкін.

(л) Түсім

(i) Дайын өнімді сату

Сатып алушы тауар жеткізілген және межелі пунктке қабылданған кезде дайын өнімді бақылауға алады. Шартқа сәйкес межелі пункт сатып алушының қоймасы, сатушының қоймасы, конвертер немесе өңдеу зауыты болып табылады. уақыттың осы сәтінде шотты ұсыну жүзеге асырылады. Шоттар, әдетте, 30-60 күн ішінде төленуі тиіс.

Түсімді тану 15 ҚЕХС-ға (IFRS) сәйкес (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады)

Дайын өнімді сатуға арналған барлық шарттарда орындауға бір міндет бар. Түсім тауар жеткізілген және сатып алушының қоймасына, конвертерге немесе қайта өңдеу зауытқа қабылданғанда танылады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(л) Түсім, жалғасы

(i) Дайын өнімді сату, жалғасы

Түсімді тану 15 ҚЕХС-ға (IFRS) сәйкес (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады), жалғасы

Түсім сатып алушымен жасалған шартта көрсетілген өтеу негізінде бағаланады. 15 ҚЕХС-ға (IFRS) сәйкес, осы шарттарға қатысты түсім түсімнің жинақталған қорытындысы ретінде танылған түсім сомасының айтарлықтай азаюы орын алмайтындай ең жоғары дәрежеде танылатын болады.

Өзінің бағалауын негізге ала отырып, Компания сондай-ақ ағымдағы шарттарда қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ деп санайды, өйткені мәміле бағасы мен ақша қаражатымен дереу төленген жағдайда уранды сату бағасы арасындағы айырмашылық жоқ, сондай-ақ міндетті орындау сәті мен төлем сәті арасындағы уақыт ұзақтығының елеулі әсері жоқ.

Түсімді тану 18 ХҚЕС-ға (IAS) сәйкес (2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады)

Әдеттегі шаруашылық қызмет барысында тауарларды сатудан түскен табыстың шамасы алынған немесе алынуға жататын өтемнің әділ құны бойынша бағаланады. Табыс меншік құқығымен байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданың сатып алушыға берілгеніне (әдетте орындалған сату шартының нысаны бар) сенімді дәлелдеме болған кезде танылады және бұл ретте тиісті өтем алу ықтималдығы, жұмсалған шығындар мен тауарлардың ықтимал қайтарылуы жоғары болып табылады, сатылған тауарларды басқаруға қатысу тоқтатылған және түсім шамасын сенімді бағалауға болады.

Тәуекелдерді және пайданы беру сәті сату шартының нақты талаптарына байланысты өзгеріп отырады. Уранды сату кезінде тәуекелдер мен пайданы беру әдетте келісімде айтылған белгілі бір өңдеу фабрикасына немесе қоймаға уранның конвертерлерге келіп түскен сәтінде жүргізіледі.

(м) Табыс салығы

Табыс салығы бойынша шығыс ағымдағы табыс салығын және кейінге қалдырылған табыс салығын қамтиды. Ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салықтары бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілеге немесе тікелей меншікті капитал құрамында немесе өзге де жиынтық кіріс құрамында танылатын операцияларға жататын бөлігін қоспағанда, кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(i) Ағымдағы салық

Ағымдағы табыс салығы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе іс жүзінде қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелерінің негізінде есептелген бір жылғы салық салынатын пайдаға немесе салық шығынына қатысты төленуге немесе алынуға жататын салық сомасын, сондай-ақ өткен жылдардағы пайдаға салық төлеу жөніндегі міндеттеменің шамасын барлық түзетулерді білдіреді. Ағымдағы табыс салығы бойынша кредиторлық берешек дивидендтерді жариялау нәтижесінде туындайтын кез келген салық міндеттемесін де қамтиды.

(ii) Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық оларды қаржылық есептілікте көрсету мақсаттары үшін айқындалатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық базасы арасында туындайтын уақытша айырмаларға қатысты танылады.

Кейінге қалдырылған салықтың шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе қолданысқа енгізілген заңдарды негізге ала отырып, уақытша айырмаларды қалпына келтіру сәтінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелеріне сүйене отырып айқындалады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(м) Табыс салығы, жалғасы

(ii) Кейінге қалдырылған салық, жалғасы

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер пайдаға ағымдағы салық бойынша активтер мен міндеттемелердің сомасын бір-біріне қарсы есепке алуға заңды құқығы бар болса және олар бір салық органы сол бір салық салынатын кәсіпорыннан не әртүрлі салық салынатын кәсіпорындардан өндіріп алатын табыс салығына қатысы болса, бірақ бұл кәсіпорындар ағымдағы салық міндеттемелері мен активтерді нетто-негізде реттеуге ниет етсе немесе олардың салық активтерін сату олардың салық міндеттемелерін өтеумен бір мезгілде жүзеге асырылса, өзара есепке алынады.

Кейінге қалдырылған салық активі пайдаланылмаған салық шығындарына, салық кредиттеріне және шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты оған қарсы іске асырылуы мүмкін салық салынатын пайданы алудың жоғары ықтималдығы бар шамада ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің шамасы әрбір есепті күнгі жағдай бойынша талданады және тиісті салық пайдасын өткізу одан әрі ықтимал болып табылмайтын бөлігінде төмендейді.

(н) Пайдалануға әлі қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсініктемелер

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттар мен түсіндірмелерге өзгерістер 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді және олардың талаптары осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде ескерілмеген. Көрсетілген стандарттар мен түсіндірмелердің келесілері Компания қызметіне айтарлықтай әсер етпейді. Компания аталған стандарттарды және түсініктемелерді олар күшіне енгеннен кейін пайдалануға қабылдауды жоспарлайды.

• 16 ХҚЕС (IFRS) "Жалға алу"

Компаниядан 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 16 ХҚЕС-ны (IFRS) қолдану талап етіледі.

16 ХҚЕС (IFRS) жалға алушылардың жалға алу шарттарын есепке алуының жалға алушының балансында көрсетілуін болжайтын бірыңғай моделін енгізеді. Осы модельге сәйкес жалға алушы базалық активті және жалдау бойынша міндеттемені пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы нысанында активті, жалға алу төлемдерін жүзеге асыру міндеттемесін білдіретін жалға алу жөніндегі міндеттемені тануы тиіс. Қысқа мерзімді жалға алуға және құны төмен объектілерді жалға алуға қатысты міндетті емес оңайлатулар көзделген. Жалға берушілер үшін есепке алу ережелері толығымен сақталады – олар жалға беруді қаржылық және операциялық ретінде жіктеуді жалғастырады.

16 ХҚЕС (IFRS) жалға алуға қатысты қолданыстағы басшылықты, оның ішінде 17 ХҚЕС (IAS) "Жалға алу", 4 ХҚЕСТК (IFRIC) "Келісімнің құрамында жалдау қасиеттерінің болуын анықтау" түсіндіруді, 15 ПКР (SIC) "Операциялық жалға алу – ынталандыру" түсіндіруді және 27 ПКР (SIC) "Жалдаудың заңды нысаны бар операциялардың мәнін анықтау" түсіндіруді ауыстырады.

(i) Жаңа стандартқа көшу

Компания түрлендірілген ретроспективті тәсілді пайдалана отырып, 2019 жылғы 1 қаңтарға 16 ХҚЕС (IFRS) бастапқы қолдануды жоспарлап отыр. Демек, 16 ХҚЕС (IFRS) бастапқы қолданудың жиынтық әсері салыстырмалы ақпаратты қайта есептемей 2019 жылғы 1 қаңтарға бөлінбеген кіріс пайданы түзету ретінде танылатын болады.

Компания практикалық сипаттағы аталған жеңілдетуді қолдануды жоспарлап отыр. Осылайша, Компания 16 ХҚЕС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және 17 ХҚЕС (IAS) және 4 IFRIC талаптарына сәйкес жалдау шарттары ретінде айқындалған барлық шарттарға қолданады.

Компания қазіргі уақытта 16 ХҚЕС -ның (IFRS) оның қаржылық есептілігіне әсерін бағалауды аяқтайды. Жаңа стандарт Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы

(н) Пайдалануға әлі қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсініктемелер, жалғасы

• Басқа стандарттар

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді:

- 23 ХҚЕСТК (IFRIC) *"Пайда салығын есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік"*;
- *Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдіру, 2015-2017 жж. кезеңі - түрлі стандарттар*;
- *ҚЕХС стандарттарындағы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелерге түзетулер*.

4 Әділ құнды анықтау

Көптеген жағдайларда Компанияның есеп саясатының ережелері мен ақпаратты ашу ережелері қаржылық және қаржылық емес активтер мен міндеттемелердің әділ құнын анықтауды талап етеді. Әділ құн төменде көрсетілген әдістерді пайдалана отырып, ақпаратты бағалау және ашу мақсаттары үшін анықталды. Бұл қолданылатын жерде активтің немесе міндеттеменің әділ құнын айқындау процесінде жасалған жол берулер туралы қосымша ақпарат осы активке немесе міндеттемеге қатысты түсіндірмелерде ашылады.

(а) Сауда және өзге де дебиторлық берешек және берілген қарыздар

Сауда және өзге де дебиторлық берешектің әділ құны есепті күнгі жағдай бойынша сыйақының нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша қаражатының болашақ ағындарының келтірілген құны бойынша бағаланады. Өтеу мерзімі қысқа сауда және басқа да дебиторлық берешек үшін әділ құн баланстық құнынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ, өйткені ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болып табылмайды.

(б) Өндірістік емес қаржылық міндеттемелер

Ақпаратты ашу мақсаттары үшін ғана айқындалатын туынды емес қаржылық міндеттемелердің әділ құны есепті күнгі жағдай бойынша сыйақының нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған негізгі сома және сыйақы бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарының келтірілген құнын бағалау негізінде есептеледі. Басшылық Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны олардың баланстық құнына шамамен тең деп санайды.

5 Түсім

Компанияның сатып алушылармен жасалған шарттардан түскен түсіміне 15 ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолдануының әсері 3(а) ескертпеде сипатталған. 15 ҚЕХС (IFRS) қолдану кезінде көшудің таңдап алынған әдісіне байланысты, салыстырмалы ақпарат жаңа талаптарға сәйкес қайта саналмаған.

мың теңге	2018 ж.	2017 ж.
Табиғи уранның шала тотығы-тотығын сату	54,055,510	51,179,291
Өзге түсім	194	1,833
Сатып алушылармен шарттардан түскен түсім	54,055,704	51,181,124

2018 жыл ішінде Компания өндірілген уранның 88% және 12% - ын "Юраниум Уан Инк." (Канада) және ҚАО ҰАК-ға (Қазақстан) сатты, тиісінше (2017 жыл: 72% және 28% - "Юраниум Уан Инк." және ҚАО ҰАК, тиісінше). Барлық түсім сатып алушыларға өнімді беру кезінде белгілі бір уақытта танылды.

5 Түсім, жалғасы

Компания сатып алушылармен жоспарланған жеткізу көлемімен бір жылға шарт жасайды. Уранды өткізу бағасы тараптар арасында келісілген жеңілдіктерге түзетіле отырып, спотты бағалардың орташа арифметикалық мәні негізінде әрбір жеткізу бойынша тауарды бақылаудың өту сәтінде айқындалады. Компания әрбір жеткізілім орындауға бір міндет екенін анықтады және ол бойынша түсім тауар жеткізілген және шарттарда айтылған аумақта қабылданған кезде танылады.

Компания сондай-ақ тауарды сатқаннан кейін тауарды сақтау және/немесе көрсетілген орынға дейін тасымалдау бойынша міндетті болуы мүмкін, алайда мұндай міндеттемелердің ұзаққа созылмауына, сондай-ақ осындай міндеттемелерге байланысты шығыстардың мүлтіксіз болуына байланысты, Компания осындай қызметтер бойынша түсімді елеусіз деп санайды және тиісінше, осындай шарттар бойынша орындауға жеке міндеттеме бөлмейді.

6 Сатудың өзіндік құны

мың теңге	2018 ж.	2017 ж.
Шикізат және материалдар	7,451,608	8,464,241
Салықтар (ПҚӨС қоса алғанда)	4,098,828	4,531,757
Өзірлеу бойынша шығыстардың амортизациясы	3,187,460	4,345,385
Жалақы бойынша шығыстар	2,680,915	2,527,942
Тозу және амортизация	1,943,690	2,208,219
Бөгде ұйымдардың қызметтері	956,609	890,812
Демалыстар мен бонустар бойынша резерв	388,286	361,427
Еңбекақы бойынша салықтар	381,265	359,473
Барлау бойынша шығыстардың амортизациясы	343,931	505,872
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу	169,077	104,278
Ион алмасу шайырын өтеу	122,248	128,281
Резервтер бойынша активтердің амортизациясы	28,227	223,661
Басқалар	476,315	360,620
	22,228,302	25,011,968

7 Өткізу бойынша шығыстар

мың теңге	2018 ж.	2017 ж.
Дайын өнімді тасымалдау бойынша шығыстар	1,554,938	1,055,003
Жалақы бойынша шығыстар	29,470	29,547
Еңбекақы бойынша салықтар	2,970	3,238
Басқалар	15,627	16,423
	1,603,005	1,104,211

8 Әкімшілік шығындар

мың теңге	2018 ж.	2017 ж.
Жалақы бойынша шығыстар	488,039	445,168
Бөгде ұйымдардың қызметтері	268,545	240,815
Еңбекақы бойынша салықтар	47,144	48,598
Тозу және амортизация	37,072	46,924
Мүшелік жарналар	14,975	10,445
Шикізат және материалдар	14,262	22,920
Резервті құру және үмітсіз талаптарды есептен шығару бойынша шығыстар	5,503	-
Демалыстар мен бонустар бойынша резерв	(889)	33,999
Басқалар	89,569	61,757
	964,220	910,626

9 Персоналға арналған шығындар

мың теңге	2018 ж.	2017 ж.
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу	3,526,476	3,494,711
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	290,261	325,938
Міндетті кәсіби зейнетақы жарналары	93,919	103,355
Әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті жарналар	39,211	12,497
	3,949,867	3,936,501

10 Қаржылық кірістер мен шығыстар

мың теңге	2018 ж.	2017 ж.
Депозиттер бойынша пайыздық кіріс	239,566	158,895
Шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеруінен түскен кірістің нетто-шамасы	1,909,021	-
Қаржылық кіріс	2,148,587	158,895
Резерв бойынша дисконтты босату (20-Ескертпе)	(232,059)	(158,681)
Кредиттер мен қарыздар бойынша пайыздық және өзге де қаржылық шығыстар	(20,301)	-
Тарихи шығындарды өтеу жөніндегі міндеттеме бойынша дисконтты босату	(1,156)	(3,784)
Өзге қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар	-	(4,650)
Шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеруінен болған шығынның нетто-шамасы	-	(19,014)
Қаржылық шығыстар	(253,516)	(186,129)
Пайда немесе залал құрамында танылған таза қаржылық кірістер/(шығыстар)	1,895,071	(27,234)

11 Табыс салығы бойынша шығыс

Компания үшін қолданылатын салық мөлшерлемесі 2018 жылы 20% құрайды, ол қазақстандық компаниялардың табыс салығының мөлшерлемесін білдіреді.

мың теңге	2018 ж.	2017 ж.
Ағымдағы салық бойынша шығыс		
Ағымдағы салық	6,593,546	5,210,865
Алдыңғы жылдарға қатысты түзетулер	(289,773)	-
Кейінге шегерілген салық бойынша үнемдеу		
Уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және қалпына келтіру	(241,225)	(124,928)
	6,062,548	5,085,937

Салықтың тиімді мөлшерлемесін салыстыру:

	2018 ж.		2017 ж.	
	мың теңге	%	мың теңге	%
Салық салынғанға дейінгі пайда	30,978,231	100.0	23,809,689	100.0
Табыс салығының қолданылатын салық мөлшерлемесі бойынша табыс салығы	6,195,646	20.0	4,761,938	20.0
Шегерілмейтін шығыстар	156,675	0.5	323,999	1.4
Алдыңғы жылдарға қатысты түзетулер	(289,773)	(0.9)	-	-
	6,062,548	19.6	5,085,937	21.4

(а) Танылған кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері

Қазақстанның ағымдағы салық заңнамасына сәйкес Компания келісімшарттық және келісімшарттан тыс қызмет бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті. Бұл ретте келісімшарттық қызмет бойынша салық салынатын табыс уранның өндірілген санына сүйене отырып айқындалады, ал келісімшарттан тыс қызмет бойынша салық салынатын табыс қаржылық есептілік бойынша кірістер мен келісімшарттық қызмет бойынша кірістер арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

11 Табыс салығы бойынша шығыс, жалғасы

(а) Танылған кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, жалғасы

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері былайша берілуі мүмкін:

мың теңге	Активтер		Міндеттемелер		Нетто-шама	
	2018 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2017 ж.
Материалдық емес активтер	-	-	(18,695)	(17,877)	(18,695)	(17,877)
Негізгі құралдар	-	-	(168,326)	(206,121)	(168,326)	(206,121)
Учаскені қалпына келтіруге арналған актив	-	-	(103,113)	(32,619)	(103,113)	(32,619)
Тарихи шығындарды өтеу жөніндегі актив	-	-	(23,323)	(25,691)	(23,323)	(25,691)
Демалыстар мен бонустар бойынша резерв	50,545	49,988	-	-	50,545	49,988
Тарихи шығындарды өтеу жөніндегі міндеттеме	-	10,744	-	-	-	10,744
Салықтар	477,357	243,697	-	-	477,357	243,697
Учаскені қалпына келтіру резерві	180,100	127,565	-	-	180,100	127,565
Құнсыздану бойынша резервтер	26,334	28,655	-	-	26,334	28,655
Өзге кредиторлық берешек	4,674	5,987	-	-	4,674	5,987
	739,010	466,636	(313,457)	(282,308)	425,553	184,328

(б) Жыл бойы уақытша айырмалардың қозғалысы

мың теңге	Пайда немесе залал		
	1 қаңтар 2018 ж.	құрамында танылған	31 желтоқсан 2018 ж.
Материалдық емес активтер	(17,877)	(818)	(18,695)
Негізгі құралдар	(206,121)	37,795	(168,326)
Учаскені қалпына келтіруге арналған актив	(32,619)	(70,494)	(103,113)
Тарихи шығындарды өтеу жөніндегі актив	(25,691)	2,368	(23,323)
Демалыстар мен бонустар бойынша резерв	49,988	557	50,545
Тарихи шығындарды өтеу жөніндегі міндеттеме	10,744	(10,744)	-
Салықтар	243,697	233,660	477,357
Учаскені қалпына келтіру резерві	127,565	52,535	180,100
Құнсыздану бойынша резервтер	28,655	(2,321)	26,334
Өзге кредиторлық берешек	5,987	(1,313)	4,674
	184,328	241,225	425,553

мың теңге	Пайда немесе залал		
	1 қаңтар 2017 ж.	құрамында танылған	31 желтоқсан 2017 ж.
Материалдық емес активтер	(9,725)	(8,152)	(17,877)
Негізгі құралдар	(232,002)	25,881	(206,121)
Учаскені қалпына келтіруге арналған актив	(257,853)	225,234	(32,619)
Тарихи шығындарды өтеу жөніндегі актив	(30,013)	4,322	(25,691)
Демалыстар мен бонустар бойынша резерв	38,136	11,852	49,988
Тарихи шығындарды өтеу жөніндегі міндеттеме	30,960	(20,216)	10,744
Салықтар	142,863	100,834	243,697
Учаскені қалпына келтіру резерві	341,369	(213,804)	127,565
Құнсыздану бойынша резервтер	35,665	(7,010)	28,655
Өзге кредиторлық берешек	-	5,987	5,987
	59,400	124,928	184,328

12 Өндіріске дайындау бойынша активтер

Ыңғай кенішінің 4 учаскесін және Ақдала кен орнын игеруге арналған шығындар пайдалы қазбаларды өндіруге және игеруге байланысты активтер ретінде жіктеледі.

	Учаскені қалпына келтіру жөніндегі міндеттеме	Тарихи шығындарды өтеу жөніндегі міндеттеме	Өзірлеуге арналған шығыстар	Барлауға арналған шығыстар	Ион алмасу шайыры	Барлығы
мың теңге						
2017 жылғы 1 қаңтарға	1,289,263	150,063	8,833,366	7,559,380	1,823,179	19,655,251
Түсімдер	-	-	2,745,991	206,695	-	2,952,686
Қорлардан аудару	-	-	1,215,952	-	327,600	1,543,552
Амортизация	(189,654)	(21,608)	(4,235,330)	(584,957)	(133,240)	(5,164,789)
Қорларға ауыстыру	-	-	-	(420,438)	-	(420,438)
Бағалаудағы өзгеріс (20-Ескертпе)	(936,516)	-	-	-	-	(936,516)
2017 жылғы 31 желтоқсанға	163,093	128,455	8,559,979	6,760,680	2,017,539	17,629,746
2018 жылғы 1 қаңтарға	163,093	128,455	8,559,979	6,760,680	2,017,539	17,629,746
Түсімдер	-	-	3,337,090	1,274,134	-	4,611,224
Қорлардан аудару	-	-	952,044	-	250,051	1,202,095
Амортизация	(15,018)	(11,838)	(3,233,893)	(166,401)	(122,012)	(3,549,162)
Бағалаудағы өзгеріс (20-Ескертпе)	367,488	-	-	-	-	367,488
2018 жылғы 31 желтоқсанға	515,563	116,617	9,615,220	7,868,413	2,145,578	20,261,391

Амортизациялық есептеулер сатудың өзіндік құнының құрамында көрсетілді және дайын өнім қалдықтары мен аяқталмаған өндірісте танылды.

2014 жылғы желтоқсанда Компания 1,718,586 мың теңге сомасында ҚҚС қоса алғанда, 14,321,421 мың теңге сомаға ҚАО ҰАҚ-ның өндіруге дайын қорлары бойынша есептелген тау-кен-дайындық жұмыстары мен геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелерін сатып алды және осы сомаға кредиторлық берешекті таныды. 2014 жылғы желтоқсанда Компания кредиторлық берешекті өтеу есебіне жалпы құны 14,321,421 мың теңге болатын вексельдер шығарды. 2015 жылы берешек "Бетпақ Дала" БК" ЖШС пайдасына аударылды. Вексельдер талап ету бойынша өтелуге жатады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша вексельдер бойынша берешек толық көлемде өтелді (22-Ескертпе).

2017 жылғы бағалаудағы өзгеріс сомасы 2017 жылғы сәуірде 1,207,320 мың теңге мөлшеріндегі соманы қамтиды, ол "Бетпақ Дала" БК" ЖШС Компанияға берген учаскені қалпына келтіру бойынша жұмыстарды қаржыландыру үшін жинақталған тарату қорының ақшалай қаражаты болып табылады.

2017 жылғы қорларға ауыстыру Інқұдық горизонтында өндірудің экономикалық орындылығын тануға байланысты қорларға ауыстырылған Ыңғай жер қойнауы 4 учаскесі Інқұдық горизонтының ІІІ блогында дайын өнім мен аяқталмаған тәжірибелік өндіру өндірісін білдіреді.

13 Негізгі құралдар

мың теңге	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары және басқалар	Құрылыс сатысында	Жиыны
Балансқы құны					
2017 жылдың 1 қаңтарына қалдық	9,468,666	4,786,293	975,509	1,737,841	16,968,309
Түсімдер	4,850	166,762	15,111	1,580,047	1,766,770
Жылжыту	1,751,891	870,775	220,140	(2,842,806)	-
Шығу	-	(83,015)	(29,048)	-	(112,063)
Қорлардан аудару	-	-	-	460,362	460,362
2017 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	11,225,407	5,740,815	1,181,712	935,444	19,083,378
2018 жылдың 1 қаңтарына қалдық	11,225,407	5,740,815	1,181,712	935,444	19,083,378
Түсімдер	48,668	130,268	51,005	82,760	312,701
Жылжыту	208,349	40,001	(120,467)	(127,883)	-
Шығу	-	(36,587)	(10,022)	(97,113)	(143,722)
Қорлардан аудару	-	16,808	6	38	16,852
2018 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	11,482,424	5,891,305	1,102,234	793,246	19,269,209
Құнсызданудан болған амортизация және залалдар					
2017 жылғы 1 қаңтарға қалдық	(1,540,522)	(1,180,664)	(176,284)	-	(2,897,470)
Жыл ішіндегі амортизация	(1,078,859)	(995,085)	(205,128)	-	(2,279,072)
Шығу	-	81,455	25,572	-	107,027
2017 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	(2,619,381)	(2,094,294)	(355,840)	-	(5,069,515)
2018 жылғы 1 қаңтарға қалдық	(2,619,381)	(2,094,294)	(355,840)	-	(5,069,515)
Жыл ішіндегі амортизация	(808,109)	(970,585)	(170,722)	-	(1,949,416)
Құнсызданудан болған залал	-	-	-	(4,500)	(4,500)
Шығу	-	34,414	9,559	-	43,973
2018 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	(3,427,490)	(3,028,301)	(519,167)	(4,500)	(6,979,458)
Баланстық құны					
2017 жылғы 31 желтоқсанға	8,606,026	3,646,521	825,872	935,444	14,013,863
2018 жылғы 31 желтоқсанға	8,054,934	2,863,004	583,067	788,746	12,289,751

Амортизациялық аударымдар өткізудің өзіндік құнының құрамында, әкімшілік шығыстарда, дайын өнім мен аяқталмаған өндіріс қалдықтарында көрсетілген.

2015 жылдың қазан айында Компания "Бетпақ Дала" БК" ЖШС-дан талап ету бойынша өтеуге жататын, 2,197,432 мың теңге сомдағы ҚҚС-ны қоса алғанда 18,311,932 мың теңгеге негізгі құралдарды "Бетпақ Дала" БК" ЖШС пайдасына осы сомға вексельдер шығару арқылы сатып алды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша вексельдер бойынша берешек толық көлемде өтелді (22-Ескертпе).

14 Пайдалануда шектелген ақша қаражаты

мың теңге	31 желтоқсан	31 желтоқсан 2017
Тарату қоры бойынша депозит	2,260,414	1,923,540
Кепілдегі ақша қаражаты	1,000	-
	2,261,414	1,923,540
Құнсызданудан болған шығын резерві	(28,492)	-
	2,232,922	1,923,540

Компанияның қаржылық активтерге қатысты кредиттік, валюталық тәуекелге және құнсызданудан болатын тәуекелдерге ұшырауы туралы ақпарат 23-Ескертпеде ашылған.

15 Қорлар

мың теңге	31 желтоқсан	31 желтоқсан 2017
Дайын өнім	2,198,528	2,605,351
Шикізат және материалдар	1,251,022	1,151,458
Аяқталмаған өндіріс	672,295	798,005
Құнсызданудан болған шығын резерві	(121,669)	(143,273)
	4,000,176	4,411,541

16 Саудалық және өзге де дебиторлық берешек

мың теңге	31 желтоқсан 2018	31 желтоқсан 2017
Байланысты тараптардан саудалық дебиторлық берешек	18,726,987	19,002,656
Басқа да дебиторлық берешек	215,128	162,140
	18,942,115	19,164,796
Құнсызданудан болған шығын резерві	(8,326)	-
Барлық қаржы активтері	18,933,789	19,164,796
Өтеуге жататын ҚҚС	988,822	2,673,206
Басқа да дебиторлық берешек	73,860	81,524
Қаржылық емес активтердің барлығы	1,062,682	2,754,730
	19,996,471	21,919,526

Сауда және өзге де дебиторлық берешек 31 желтоқсанға келесі валюталарда көрсетілді:

мың теңге	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.
АҚШ доллары	18,137,838	12,630,490
Теңге	1,858,633	9,289,036
	19,996,471	21,919,526

Компанияның қаржылық активтерге қатысты кредиттік, валюталық тәуекелге және құнсызданудан болатын тәуекелдерге ұшырауы туралы ақпарат 23-Ескертпеде ашылған.

17 Ақша қаражаты және олардың баламалары

мың теңге	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.
Банктердегі ақша қаражаты - теңге	3,077,711	1,057,475
Банктердегі ақша қаражаты - АҚШ доллары	2,313,503	196,409
	5,391,214	1,253,884
Құнсызданудан болған шығын резерві	(1,673)	-
	5,389,541	1,253,884

Компанияның қаржылық активтерге қатысты кредиттік, валюталық тәуекелге және құнсызданудан болатын тәуекелдерге ұшырауы туралы ақпарат 23-Ескертпеде ашылған.

18 Меншікті капитал

(а) Меншікті капитал

мың теңге	31 желтоқсан 2018 ж.	Үлесі	31 желтоқсан 2017 ж.	Үлесі
Ураниум Уан Роттердам Би.Ви.	44,800	70%	44,800	70%
ҚАӨ ҰАК	19,200	30%	19,200	30%
	64,000	100%	64,000	100%

18 Меншікті капитал, жалғасы

(б) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания қатысушыларының Компания резервтерін бөлу құқығы ХҚЕС-ға сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайда шамасымен шектеледі. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның резервтері 24,845,061 мың теңгені құрады (2017 жыл: 18,723,752 мың теңге).

2018 жылы қатысушылардың Жалпы жиналысы Компания қатысушылары арасында 2017 жылғы таза табыс сомасының 100% мөлшерінде – 18,723,752 мың теңге сомасында таза табысты бөлу туралы шешім қабылдады. 2015-2016 жылдары бөлінген таза табыс сомасы қатысушыларға 2018 жылы олардың әрқайсысының қатысу үлесіне сәйкес 24,000,000 мың теңге мөлшерінде ішінара төленді. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төлеуге дивидендтер сомасы 27,800,640 мың теңгені құрады, оның ішінде 2016 жылы 9,076,888 мың теңге және 2017 жылы 18,723,752 мың теңге.

(в) Басқа да резервтер

Өзге резервтер 9 (IFRS) ХҚЕС-ға көшу кезінде өзге жиынтық кіріс арқылы Компанияның өз қалауы бойынша әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жіктелген үлестік инвестициялардың әділ құнындағы өзгерістердің нетто-шамасын көрсетеді (2017 жыл: сату үшін қолда бар). 2018 жылғы 1 қаңтарға түзету сомасы 9 ХҚЕС (IFRS) қолдану нәтижесінде "Уранэнерго" ЖШС-дағы инвестициялардың әділ құнындағы өзгерістердің әсерін көрсетеді.

19 Несиелер

Осы ескертпеде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын Компанияның пайыздық қарыздары мен кредиттері бойынша тиісті келісімдердің шарттары туралы ақпарат берілген. Компанияның пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне, валюталық тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырауы туралы толығырақ ақпарат 23-Ескертпеде берілген.

мың теңге	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.
Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
"Альфа-Банк" АҚ ЕБ-дан қамтамасыз етілген қарыз	4,468,853	-
	4,468,853	-
Қысқа мерзімді міндеттемелер		
"Альфа-Банк" АҚ ЕБ-дан қамтамасыз етілген қарыздың ағымдағы бөлігі	525,747	-
Төленетін пайыздар	3,191	-
	528,938	-

Борышты өтеу шарттары және төлемдер кестесі

Өтелмеген қарыздар бойынша төлемдердің шарттары мен мерзімдері мынадай болды:

				31 желтоқсан 2018	31 желтоқсан 2017			
				ж.	ж.			
Пайыздың номинал мөлшерле				Өтеу	Номинал	Балансты	Номинал	Балансты
мың теңге	Валюта	месі, %	жылы	құны	қ құны	құны	қ құны	
"Альфа-Банк" АҚ ЕБ-дан қамтамасыз етілген қарыз	АҚШ долл.	4.6.	2023	4,994,600	4,997,791	-	-	
Пайыздық міндеттемелердің жиыны				4,994,600	4,997,791	-	-	

19 Несиелер, жалғасы

2018 жыл ішінде Компания жылдық 4.6% пайыздық мөлшерлемесімен 20 миллион АҚШ доллары мөлшерінде ұзақ мерзімді банктік қарыз беруге несиелер келісім жасады, оны өтеу мерзімі 2023 жылы басталады. Осы несиелер келісім шеңберінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда Компания 13 миллион АҚШ доллары (4,824,040 мың теңгеге баламалы) мөлшерінде бірінші транш алды. Осы несиелер кепілмен қамтамасыз ету ретінде Компания ағымдағы шотта 1,000 мың теңге көлемінде ақша қаражатын пайдаланды. 2019 жылы Компания ҚАО ҰАК-мен шарттан болашақта түсетін ақшаны қосымша кепіл ретінде беруі тиіс.

Қаржылық қызметтен міндеттемелердің және ақша ағындарының өзгерістерін салыстыру

	Міндеттемелер	
	Кредиттер және қарыздар	Басқа да қаржылық міндеттемелер (22-Ескертпе)
мың теңге		
2018 жылдың 1 қаңтарына қалдық	-	4,624,910
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымына байланысты өзгерістер		
Қарыз қаражатын тарту	4,824,040	-
Кредиттер мен қарыздар алу бойынша мәмілені жүзеге асыруға байланысты шығындар	(14,843)	-
Қарыз қаражаты бойынша төлемдер	-	(4,624,138)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымдарына байланысты өзгерістердің қорытындысы	4,809,197	(4,624,138)
Шетел валютасының айырбастау бағамдары өзгеруінің әсері	170,560	-
Басқа өзгерістер		
Міндеттемелермен байланысты		
Пайыздық шығыс	18,034	2,267
Төленген пайыздар	-	(3,039)
Міндеттемелерге байланысты өзге де өзгерістер жиынтығы	18,034	(772)
2018 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	4,997,791	-

20 Учаскені қалпына келтіруге арналған резерв

	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.
мың теңге		
Жыл басына	2,561,365	2,131,880
Бағалаудағы өзгеріс (12-Ескертпе)	367,488	270,804
Дисконтты босату (10-Ескертпе)	232,059	158,681
Жыл соңына	3,160,912	2,561,365

Келісімшартқа сәйкес Компания болашақта жер учаскесін қалпына келтіруге тиісті шығындарды көтереді. Ақша қаражатының болашақ күтілетін ағындары 7.45% номиналды тәуекелсіз мөлшерлемені пайдалана отырып таза келтірілген құнға дейін дисконтталды (2017 жыл: 9.06 %), 5.30% деңгейінде есепті инфляцияны қоса алғанда (2017 жыл: 5.40%). Шығыстардың басым бөлігі осы кен орындарын пайдалану мерзімінің соңында 2020 жылдан бастап 2027 жылға дейін жұмсалады деп күтілуде.

Компания сондай-ақ Келісімшарт талаптарына сәйкес учаскені қалпына келтіру бойынша болашақ қызметті қаржыландыру үшін банкте ұзақ мерзімді депозитке ақша қаражатын енгізуге міндетті (14-Ескертпе).

Учаскені қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатын ескере отырып, жер учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру барысында жұмсалатын шығыстардың нақты сомасына және осындай болашақ міндеттемелердің келтірілген құнына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіне қатысты белгісіздік бар.

21 Саудалық және өзге де кредиторлық берешек

	31 желтоқсан 2018	31 желтоқсан 2017
мың теңге	ж.	ж.
Үшінші тараптарға сауда кредиторлық берешек	2,949,075	1,294,758
Төлеуге салынатын салықтар	2,685,272	1,384,866
Байланысты тараптарға саудалық кредиторлық берешек	651,945	1,088,244
Тарихи шығындарды өтеу бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	-	53,721
Басқа берешек	800,893	753,293
	7,087,185	4,574,882

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания кен орындарында жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшарттарға сәйкес тарихи шығындарды өтеу жөніндегі міндеттемесін толық көлемде Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеді (2017 жыл: Компанияның міндеттемесі 161,649 АҚШ долларын құрады). Міндеттеме дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы болашақ ақша ағындарының дисконтталған ағымдағы құны бойынша танылды - жылдық 3.3% (2017 жыл: 3.3%).

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төлеуге салынатын салықтар Ыңғай кенішінің 4 учаскесіндегі уран қорының 2018 жылы 43,376 тонна мөлшерінде өсуі нәтижесінде есептелген 1,239,109 мың теңге мөлшерінде төлеуге коммерциялық табу бонусының сомасын қамтиды.

22 Басқа да қаржылық міндеттемелер

2014 жылғы желтоқсанда Компания ҚАӨ ҰАК пайдасына жалпы сомасы 14,321,421 мың теңгеге 5 дана вексель шығарды. Осы вексельдер ҚАӨ ҰАК-дан сатып алынған өндіріске дайындау бойынша активтер үшін берешекті өтеу мақсатында шығарылды.

2015 жылы осы вексельдер бойынша талап ету құқығы "Бетпақ Дала" БК" ЖШС-ға, бұрынғы келісімшарт иесіне берілді. 2015 және 2016 жылдар ішінде аталған вексельдер бойынша "Бетпақ Дала" БК" ЖШС-ға тиісінше 5,321,421 мың теңге және 6,000,000 мың теңге төленді.

2015 жылғы қазанда Компания "Бетпақ Дала" БК" ЖШС пайдасына ҚҚС 2,197,432 мың теңге сомасын қоса алғанда, өндірістік және басқа да активтер үшін жалпы сомасы 18,311,932 мың теңгеге вексельдер шығарды. 2016 жыл ішінде Компания 193,678 мың теңге мөлшерінде ҚҚС қоса алғанда 1,884,307 мың теңге сомаға вексель шығарды. 2016 жыл ішінде жалпы сомасы 18,471,805 мың теңге вексельдер өтелді. 2017 жыл ішінде Компания 100,296 мың теңге сомаға вексельдерді өтеді. 2018 жылы қалған берешек толық көлемде өтелді.

23 Қаржы құралдар

Әдеттегі қызмет барысында Компания тап болатын негізгі тәуекелдер валюта айырбастау бағамдарындағы өзгерістер тәуекелдеріне, пайыздық мөлшерлемелерге және кредиттік тәуекелге жатады. Компания осы тәуекелдерді азайту үшін хеджерлеу құралдарын пайдаланбайды.

(а) Негізгі тәсілдерге шолу

Қаржы құралдарын пайдалану Компанияны тәуекелдің келесі түрлеріне ұшыратады:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел.

Осы ескертпеде Компанияның көрсетілген тәуекелдердің әрқайсысына ұшырауы туралы, Компанияның мақсаттары, оның саясаты және осы тәуекелдерді бағалау және басқару рәсімдері туралы және Компанияның капиталды басқару тәсілдері туралы ақпарат берілген. Сандық сипаттағы қосымша ақпарат осы қаржылық есептіліктің бүкіл мәтіні бойынша ашылады.

23 Қаржы құралдар, жалғасы

(а) Негізгі тәсілдерге шолу, жалғасы

Тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттары

Байқау кеңесі Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруға және осы жүйенің жұмыс істеуін қадағалауға толық жауап береді. Компанияда тәуекелдерді басқару жөніндегі Комитет құрылмаған, сондықтан Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатын әзірлеуге және оның жүргізілуін қадағалауға басшылық жауапты болады. Басшылық өзінің жұмысы туралы Байқау кеңесі алдында тұрақты түрде есеп береді.

Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтау және талдау, тәуекелдің рұқсат етілген шекті мәндерін және бақылаудың тиісті тетіктерін белгілеу, сондай-ақ тәуекелдерді мониторингілеу және белгіленген шектеулерді сақтау мақсатында әзірленді. Тәуекелдерді басқару саясаты мен жүйелері Компанияның нарықтық шарттары мен қызметінің өзгеруіне байланысты өзгерістер енгізу қажеттілігі тұрғысынан тұрақты түрде талданады. Компания бақылаудың реттелген және пәрменді жүйесін құру мақсатында оқыту мен басқарудың стандарттары мен рәсімдерін белгілейді, онда барлық қызметкерлер өзінің рөлі мен міндеттерін түсінеді.

Компанияның қаржы құралдары дебиторлық және кредиторлық берешектен, кредиттер мен қарыздардан және ақшалай қаражаттан тұрады. Компанияның қаржы құралдарына қатысты есеп саясаты 3(в) Ескертпеде ашылған. Компания қаржы құралдарын алыпсатарлық операцияларда пайдаланбайды және тәуекелдерге ұшырағыштықты хеджерлеу үшін туынды қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшыраушылық Компанияның әдеттегі шаруашылық қызметі барысында туындайды.

(б) Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел - бұл Компанияның қаржы құралы бойынша сатып алушының немесе контрагенттің өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауынан туындаған қаржылық залалдың орын алу тәуекелі. Бұл тәуекел, негізінен, Компанияның сатып алушыларының дебиторлық берешегіне байланысты.

Қаржы активтерінің баланстық құны Компанияның кредиттік тәуекелге барынша ұшырауын көрсетеді.

Кредиттік тәуекелге бейімділік

Қаржы активтерінің баланстық құны Компанияның кредиттік тәуекеліне ұшыраған ең жоғары шаманы көрсетеді. Кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі есепті күнгі жағдай бойынша:

мың теңге	31 желтоқсан 2018	31 желтоқсан 2017
	ж.	ж.
Саудалық дебиторлық берешек	18,721,484	19,002,656
Басқа да дебиторлық берешек	212,305	162,140
Пайдалануда шектелген ақша қаражаты	2,232,922	1,923,540
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5,389,541	1,253,884
	26,556,252	22,342,220

(і) Сауда және өзге де дебиторлық берешек

Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырауы негізінен әрбір сатып алушының жеке сипаттамаларына байланысты. Компанияның барлық табысы негізінен екі сатып алушыға сатудан тұрады. Түсімнің шоғырлануы туралы толық ақпарат 5-Ескертпеде берілген.

Сатып алушылардың 100% - ы төрт жылдан астам уақыт бойы Компанияның акционерлері мен клиенттері болып табылады және осы клиенттердің шоттары бойынша қалдықтар есепті күнге есептен шығарылмаған, не кредиттік-құнсызданбаған.

23 Қаржы құралдар, жалғасы

(б) Кредиттік тәуекел, жалғасы

Кредиттік тәуекелге бейімділік, жалғасы

(i) Сауда және өзге де дебиторлық берешек, жалғасы

Компанияның сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты кредиттік тәуекелге ұшырауын талдау төменде көрсетілген:

мың теңге	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2018 ж.
	Кредиттік- құнсызданған болып табылмайтын	Кредиттік- құнсызданған
Moody 's сыртқы кредиттік рейтингі Baa3 төмен емес немесе Standard & Poor' s рейтингтік агенттігі BBB төмен емес-	18,726,987	-
Басқа клиенттер:		
— Компаниямен сауда қатынастарының ұзақтығы 4 жыл және одан да көп	215,128	-
Жалпы баланстық құнының жиыны	18,942,115	-
Құнсызданудан болған залал резерві	(8,326)	-
	18,933,789	-

39 ХҚЕС (IAS) сәйкес салыстырмалы ақпарат

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімі өткен, не кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын сауда және басқа да дебиторлық берешектің кредиттік сапасын талдау төмендегідей берілген:

мың теңге	31 желтоқсан 2017 ж.
Мерзімі өткен, не құнсызданған болып табылмайды	
Moody 's сыртқы кредиттік рейтингі Baa3 төмен емес немесе Standard & Poor' s рейтингтік агенттігі BBB төмен емес-	19,002,656
Басқа клиенттер:	
— Компаниямен сауда қатынастарының ұзақтығы 4 жыл және одан да көп	162,140
Құнсызданған болып табылмайтын барлық саудалық дебиторлық берешек	19,164,796

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да дебиторлық берешектің мерзімі өтпеген және құнсызданған жоқ.

2018 жылғы 1 қаңтардағы және 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кәсіпорындар үшін күтілетін кредиттік залалдарды бағалау

Компания кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позицияны залал тәуекелін болжау үшін анықталатын деректер негізінде (аудиттен өткен қаржылық ақпаратты, басқарушылық шоттарды және ақша қаражатының ағындары бойынша болжамдарды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында қолжетімді сатып алушылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей сыртқы рейтингтер) және кредит бойынша сараптамалық пікірді қолдану жолымен бөледі. Кредиттік тәуекел деңгейі дефолт тәуекелінің көрсеткіштері болып табылатын сапалық және сандық факторларды пайдалана отырып айқындалады және Moody 's және Standard & Poor' s рейтингтік агенттіктерінен алынған кредиттік рейтингтердің сыртқы анықтамаларымен келісіледі.

9 ХҚЕС (IFRS) бастапқы қолданған кезде Компания 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 46,484 мың теңге сомасында құнсыздану резервін таныды. Резерв сомасы 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 8,326 мың теңгеге дейін азайды.

	2018 жылғы 31 желтоқсан	
мың теңге	Жалпы баланстық құны	Құнсыздануға арналған бағалау резерві
Ағымдағы (мерзімі өтпеген)	18,942,115	(8,326)
	18,942,115	(8,326)

Төменде келтірілген кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кәсіпорындардың сауда және басқа да дебиторлық берешегіне қатысты кредиттік тәуекелге ұшырауы және ККЗ туралы ақпарат берілген.

23 Қаржы құралдар, жалғасы

(б) Кредиттік тәуекел, жалғасы

Кредиттік тәуекелге бейімділік, жалғасы

(ii) Пайдалануда шектелген ақша қаражаты

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда жалпы сомасы 2,261,414 мың теңге банкке салынған пайдалануда шектелген ақша қаражаты бар (2017 жыл: 1,923,540 мың теңге), Standard & Poor 's рейтингтік агенттігінің деректері бойынша BB рейтингіне ие (14 - Ескертпе).

Пайдалануда шектелген ақша қаражатының құнсыздануы 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар негізінде бағаланды және тәуекелге ұшыраған позициялардың қысқа мерзімдерін көрсетеді. Компания контрагенттердің сыртқы кредиттік рейтингтеріне сүйене отырып, пайдалануда шектелген ақша қаражатының кредиттік тәуекелі төмен деп есептейді.

9 ХҚЕС (IFRS) бастапқы қолданған кезде Компания 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 23,820 мың теңге сомда құнсыздану резервін таныды. Резерв сомасы 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 28,492 мың теңгеге дейін артты.

(iii) Ақша қаражаты және олардың баламалары

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда 5,391,214 мың теңге ақша қаражаты мен олардың баламалары бар (2017 жыл: 1,253,884 мың теңге). Ақша қаражаты мен олардың баламалары Standard & Poor 's деректері бойынша B - дан BB - ке дейінгі рейтингі бар банктер мен қаржы институттарында орналастырылады.

Ақша қаражатының және олардың баламаларының құнсыздануы тәуекелге ұшыраған позициялардың қысқа мерзімдерін көрсететін келісімшарттық өтеу мерзіміне сәйкес күтілетін кредиттік залалдар негізінде бағаланды. Компания контрагенттердің сыртқы кредиттік рейтингтеріне сүйене отырып, өзінің ақша қаражаты мен олардың баламаларының кредиттік тәуекелі төмен деп есептейді.

9 ХҚЕС (IFRS) бастапқы қолданған кезде Компания 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 318 мың теңге сомасында құнсыздану резервін таныды. Резерв сомасы 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1,673 мың теңгеге дейін өсті.

(в) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл Компанияның өтеу мерзімінің басталуына қарай өзінің қаржылық міндеттемелерін орындай алмайтындығының тәуекелі. Компанияның өтімділікті басқару тәсілі қалыпты да, қиын жағдайларда да, Компанияның беделіне зиян келтіру қатерінің туындауын қоспағанда, өз міндеттемелерін орындау үшін мүмкіндігінше жеткілікті өтімділікпен тұрақты қамтамасыз етуге негізделеді.

Әдетте Компания 60 күн ішінде өтеуге жататын болжамды операциялық шығыстарды және келісімшарттық мерзімдерге сәйкес қаржылық міндеттемелерді төлеу үшін алғашқы талап ету бойынша ақшалай қаражаттың жеткілікті сомасын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды; бұл ретте негізді түрде болжау мүмкін емес табиғи апаттар сияқты төтенше жағдайлардың әлеуетті әсері алынып тасталады.

Төменде пайыздық төлемдердің есептік сомасын қоспағанда және есепке алу туралы келісімдердің әсерін қоспағанда, қаржылық міндеттемелерді өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат берілген. Өтеу мерзімдерін талдауға енгізілген ақша қаражатының ағындарына қатысты олар уақыт бойынша айтарлықтай ерте немесе елеулі айрықшаланатын сомаларда пайда болуы мүмкін деп болжанбайды. Қаржы құралдарының өтімділігін ашу ақша ағындарының (немесе жылыстауының) күтілетін күніне сәйкес қаржы активтері мен міндеттемелері үшін дисконтталған ақша ағындарының негізінде дайындалған.

23 Қаржы құралдар, жалғасы

(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

2018 ж. 31 желтоқсанға Қаржылық активтер:	Баланстық құны	Орташа өлшемді тиімді пайыздық мөлшерлеме %	Жиыны	Талап ету бойынша	0-3 ай	3 ай - 1 жыл	1-5 жас	5 жылдан астам
Ақша қаражаты және олардың бадамалары	5,389,541	0.8%	5,391,214	5,391,214	-	-	-	-
Пайдалануда шектелген ақша қаражаты	2,232,922	10.0%	4,367,439	-	-	226,041	904,166	3,237,232
"Юраниум Уан Инк.» саудалық дебиторлық берешегі	18,137,838	пайызсыз	18,142,284	-	18,142,284	-	-	-
ҚАӨ ҰАК-дан саудалық дебиторлық берешек	583,646	пайызсыз	584,703	-	584,703	-	-	-
Басқа да дебиторлық берешек	212,305	пайызсыз	215,128	-	215,128	-	-	-
Барлығы	26,556,252		28,700,768	5,391,214	18,942,115	226,041	904,166	3,237,232
Қаржылық міндеттемелер:								
Дивидендтер бойынша берешекті қоса алғанда, сауда және өзге де кредиторлық берешек	(32,202,553) (4,997,791)	пайызсыз 4.6 %	(32,202,553) (5,653,591)	- -	(32,202,553) (57,438)	- (693,426)	- (4,902,727)	-
Кредиттер және қарыздар	(37,200,344)		(37,856,144)	-	(32,259,991)	(693,426)	(4,902,727)	-
Барлығы	(10,644,092)		(9,155,376)	5,391,214	(13,317,876)	(467,385)	(3,998,561)	3,237,232
Таза баланстық позиция								

23 Қаржы құралдар, жалғасы

(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы

2017 ж. 31 желтоқсанға Қаржылық активтер:	Баланстық құны	Орташа өлшемді тіімді пайыздық мөлшерлеме %	Жиыны	Талап ету бойынша	3 ай - 1 жыл			5 жылдан астам
					0-3 ай	1-5 жас		
Ақша қаражаты және олардың баламалары	1,253,884	0.62%	1,253,884	1,253,884	-	-	-	-
Пайдалануда шектелген ақша қаражаты	1,923,540	10.0%	3,906,561	-	-	192,354	769,416	2,944,791
"Юраниум Уан Инк.» саудалық дебиторлық берешегі	12,630,490	пайызсыз	12,630,490	-	12,630,490	-	-	-
ҚАО ҰАК-дан саудалық дебиторлық берешек	6,372,166	пайызсыз	6,372,166	-	6,372,166	-	-	-
Басқа да дебиторлық берешек	162,140	пайызсыз	162,140	-	162,140	-	-	-
Барлығы	22,342,220		24,325,241	1,253,884	19,164,796	192,354	769,416	2,944,791
Қаржылық міндеттемелер:								
Тарихи шығындарды өтеу бойынша міндеттеме (қысқа мерзімді бөлік)	(53,721)	3.30%	(53,721)	-	(26,122)	(27,599)	-	-
Дивидендтер бойынша берешекті қоса алғанда, сауда және өзге де кредиторлық берешек	(36,213,183)	пайызсыз	(36,213,184)	-	(36,213,184)	-	-	-
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(4,624,910)	0.10%	(4,624,910)	(4,624,910)	-	-	-	-
Барлығы	(40,891,814)		(40,891,814)	(4,624,910)	(36,239,305)	(27,599)	-	-
Таза баланстық позиция	(18,549,594)		(16,566,573)	(3,371,026)	(17,074,509)	164,755	769,416	-

23 Қаржы құралдар, жалғасы

(г) Капиталды және қаржылық тәуекелдерді басқару

Компания үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін капиталды басқаруды жүзеге асырады. Компания капиталының құрылымы Компанияның меншікті капиталын (шығарылған капиталды, бөлінбеген пайданы қосқанда) қамтиды. Компания сырттан капиталға қандай да бір талаптарға ұшырамайды. Компания басшылығы жыл сайын Компания капиталының құрылымын қарастырады. Осы бағалау негізінде Компания жарғылық капиталды ұлғайту арқылы капиталдың жалпы құрылымын теңгерімдеу жөнінде шаралар қабылдайды.

(д) Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел - бұл нарықтық бағалардың, мысалы, спот баға белгілеулерінің, шетел валюталарының айырбастау бағамдарының, сыйақы мөлшерлемелерінің және акциялар бағаларының өзгеруі Компанияның пайдасына немесе өзінде бар қаржы құралдарының құнына теріс әсер ететінінің тәуекелі. Нарықтық тәуекелді басқару мақсаты нарықтық тәуекелге ұшырағыштықты бақылау және оны рұқсат етілген шектерде ұстап тұру болып табылады, бұл ретте инвестициялардың кірістілігін оңтайландыруға қол жеткізу қажет.

Нарықтық тәуекелдерді басқару мақсатында Компаниялар туынды құралдарды сатып алуды және сатуды жүзеге асырмайды, сондай-ақ өзіне қаржылық міндеттемелерді қабылдамайды. Компания кезең ішіндегі пайда немесе залал көрсеткішінің өзгергіштігін реттеу мақсатында хеджерлеу операцияларын есепке алудың арнайы ережелерін қолданбайды.

(і) Нарықтық бағаның өзгеру тәуекелі

Компания халықаралық нарықтарда АҚШ долларымен бағамдалатын уранның нарықтық бағасының ауытқуына тәуелді. Компания жылдық бюджетті болашақтағы уран бағасының түрлі деңгейіне қарай дайындайды. Уран бағасы тарихи тұрғыдан елеулі шектерде ауытқиды және табиғи уранды өндіру деңгейін, ұсыныстың артық сұранысы арасындағы алшақтықты жабу үшін қолда бар қайталама қайта өңдеуге арналған жоғары байытылған уран қоспалары сияқты қайталама көздердің сарқылу дәрежесін, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік қабылдайтын нормативтік актілерді, сондай-ақ нақты уранға қатысты басқа да факторларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, компанияның бақылауынан тыс болатын көптеген факторларға ұшырайды.

Есепті күнгі жағдай бойынша Компания таныған қаржылық активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінгі кезеңде бағалардың өзгеру тәуекелінің елеулі әсері болған жоқ.

Компания уран бағасының ауытқу тәуекеліне өзінің бейімділігін хеджерлемейді.

(ii) Валюталық тәуекел

Компания сату, сатып алу және қарыздар көрсетілген валюталар мен компанияның тиісті функционалдық валютасы арасында сәйкессіздік бар дәрежеде валюталық тәуекелге ұшырайды. Көрсетілген операциялар негізінен АҚШ долларымен көрсетілген.

Шетелдік валюталарда көрсетілген өзге монетарлық активтер мен міндеттемелерге қатысты Компания тәуекелге ұшыраған нетто-позицияны қысқа мерзімді теңгерімсіздікті жою үшін қажет болған кезде "spot" бағамдары бойынша шетел валютасын сатып алу немесе сату арқылы жол берілетін шектерде ұстауға тырысады.

23 Қаржы құралдар, жалғасы

(д) Нарықтық тәуекел, жалғасы

(ii) Валюталық тәуекел, жалғасы

Валюталық тәуекелге бейімділік

Номинал шамаларға сүйене отырып, Компанияның валюталық тәуекелге бейімділігі мынадай болды:

	АҚШ долларымен көрсетілген. 31 желтоқсан 2018 ж.	АҚШ долларымен көрсетілген. 31 желтоқсан 2017 ж.
мың теңге		
Ақша қаражаты және олардың баламалары	2,313,503	196,409
Дебиторлық берешек	18,137,838	12,630,490
Кредиторлық берешек	-	(2,492)
Кредиттер және қарыздар	(4,997,791)	-
Тарихи шығындарды өтеу жөніндегі міндеттеме	-	(53,721)
Таза бейімділік	15,453,550	12,770,686

Кезең ішінде шетел валюталарын айырбастаудың мынадай бағамдары қолданылды:

Теңгемен	Орташа мөлшерлеме	Есепті күнге "spot" айырбастау бағамы	Орташа мөлшерлеме	Есепті күнге "spot" айырбастау бағамы
	2018 ж.	2018 ж.	2017 ж.	2017 ж.
1 АҚШ доллары	344.71	384.20	326.00	332.33

Сезімталдықты талдау

Төменде көрсетілгендей, 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларына қатысты теңге бағамының құнсыздануы салықтарды шегергенде кезең ішіндегі пайда шамасын төменде көрсетілген сомаға ұлғайтар еді. Осы талдамалық ақпарат Компания есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша негізді болуы мүмкін деп қарастырған валюталардың айырбастау бағамдарының ауытқуларына негізделген. Осы талдау барлық өзге айнымалылар, атап айтқанда сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалатыны туралы жорамалдауға сүйене отырып жүргізілді.

мың теңге

	Пайда немесе залал	
	Теңге бағамын нығайту	Теңге бағамын босансыту
2018 жылғы 31 желтоқсан		
АҚШ долларына қатысты теңгенің бағамы (20%-ға өзгеріс)	(2,472,568)	2,472,568

мың теңге

	Пайда немесе залал	
	Теңге бағамын нығайту	Теңге бағамын босансыту
2017 жылғы 31 желтоқсан		
АҚШ долларына қатысты теңгенің бағамы (20%-ға өзгеріс)	(2,043,310)	2,043,310

(iii) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі, негізінен, олардың әділ құнын (сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелер) немесе олар бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарын (сыйақының ауыспалы мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелер) өзгерте отырып, өзге қаржылық міндеттемелерге әсер етеді. Компания басшылығының бекітілген және ауыспалы сыйақы мөлшерлемелері бар міндеттемелер арасында Компанияның сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі қандай арақатынаста бөлінуі тиістігі бөлігінде формальды саясаты жоқ. Алайда, жаңа кредиттерді немесе қарыздарды тарту кезінде басшылық тіркелген немесе ауыспалы –қандай сыйақы мөлшерлемесінің меншікті кәсіби пайымдаулар негізінде өтеу мерзімі басталғанға дейін күтілетін кезең ішінде Компания үшін неғұрлым тиімді болатыны туралы мәселені шешеді.

23 Қаржы құралдар, жалғасы

(д) Нарықтық тәуекел, жалғасы

(iii) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі, жалғасы

Құрылымы

Есепті күнге Компанияның сыйақы мөлшерлемелерінің түрлері бойынша топтастырылған пайыздық қаржы құралдарының құрылымы мынадай болды:

Тіркелген мөлшерлемесі бар қаржы құралдары мың теңге	Баланстық құны	Баланстық құны
	2018 ж.	2017 ж.
Пайдалануда шектелген ақша қаражаты (14-Ескертпе)	2,232,922	1,923,540
Кредиттер мен қарыздар (19-Ескертпе)	(4,997,791)	-
Басқа да қаржылық міндеттемелер (22-Ескертпе)	-	(4,624,910)
	(2,764,869)	(2,701,370)

Әділ құнның өзгеруіне пайыз мөлшерлемесі белгіленген қаржы құралдарының сезімталдығын талдау

Компания өзгеруі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын құралдар үшін не сату үшін қолда бар құралдарға көзделген тәртіппен тіркелген пайыз мөлшерлемесі бар қандай да бір қаржы құралдарын ескермейді. Сондықтан есепті күнге пайыз мөлшерлемелерінің қандай да бір өзгеруі кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың шамасына немесе меншікті капиталдың шамасына әсер етпейді.

(е) Әділ құн

Компания басшылығы қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын олардың баланстық құнына шамамен тең деп есептейді. Әділ құн мынадай тәсілдердің негізінде бағалау және ашу мақсаттары үшін анықталды.

Әділ құнның иерархиясы

Әділ құнды анықтаудың мынадай деңгейлері бар:

- 1-деңгей: бірдей активтерге немесе міндеттемелерге қатысты (тікелей) нарықтық баға белгілеулері пайдаланылады;
- 2-деңгей: бастапқы деректер ретінде тиісті актив немесе міндеттеме бойынша не тікелей (яғни тікелей бағалар), не жанама түрде (яғни бағаға негізделген деректер) бақыланатын 1-деңгейге жатқызылған баға белгілеулерден басқа нарықтық параметрлер пайдаланылады;
- 3-деңгей: тиісті актив немесе міндеттеме бойынша пайдаланылатын бастапқы параметрлер бақылаудағы нарықтардағы деректерге (қадағаланбайтын бастапқы параметрлер) негізделмеген.

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін Компанияда 39 ХҚЕС-ға (IAS) сәйкес сату үшін қолда бар ретінде жіктелген үлестік бағалы қағаздар болды. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл бағалы қағаздар 9 ХҚЕС-ға (IFRS) сәйкес өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі (3 (а) Ескертпені қараңыз).

Компанияның қор биржасында баға белгілемейтін "Уранэнерго" ЖШС-да 7.07% мөлшерінде үлесі бар және осы инвестиция 9 ХҚЕС-ға (IFRS) сәйкес өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестиция ретінде есепке алынады. Акциялар нарығындағы белсенділіктің төмен болуына байланысты бағалауларды байқалатын нарықтық бағалармен салыстыру жүргізілген жоқ. Оның орнына Компания кейбір бастапқы параметрлер қадағаланбайтын болып табылатын модельді қолданады. Нәтижесінде, бұл инвестиция әділ құн иерархиясындағы 3-деңгейге жатқызылған.

24 Шартты және әлеуетті міндеттемелер

(а) Салық міндеттемесі

Қазақстанның салық жүйесі, салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірулер мен сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, бұл ХҚЕС-ға сәйкес кірістерді, шығыстарды және қаржылық есептіліктің басқа да баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді қоса алғанда, оларды әртүрлі салық органдарының әртүрлі түсіндіруіне жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеумен ірі айыппұлдар салуға және пайыздарды алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңде салықтарды есептеудің дұрыстығы келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексерілуі мүмкін, алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Бұл жағдайлар Қазақстандағы салықтық тәуекелдер басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болуына алып келуі мүмкін. Компания басшылығы қолданылатын салық заңнамасын, нормативтік талаптар мен сот шешімдерін өзінің түсінуіне сүйене отырып, салықтық міндеттемелер толық көлемде көрсетілді деп санайды. Дегенмен, тиісті органдардың бұл ережелерді түсіндіруі өзгеше болуы мүмкін және егер олар өз позициясының заңдылығын дәлелдей алатын болса, бұл осы қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі ықтимал.

Трансферттік баға белгілеу жөніндегі заңнама

Трансферттік баға белгілеу туралы заңнама 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Бұрындары сияқты, жаңа заңнама, бірінші кезекте, тауарлар мен қызметтерді сатуды көздейтін халықаралық мәмілелерге қолданылады. Бұдан басқа, трансферттік баға белгілеу туралы жаңа заң, егер бұл мәмілелер стандартты коммерциялық шарттарда жүргізілмейтіні айқындалса, тауарлар мен қызметтерді ішкі сатуға және сатып алуға қолданылады.

Бұдан басқа, заңнама трансферттік баға белгілеу туралы алдыңғы заңға сәйкес қолданылған 10%-дық "баға қауіпсіздігінің айлағын" алып тастады (ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуды қоспағанда). Тиісінше, егер шарттық баға мен коммерциялық талаптардағы мәміле бағасы арасында кез келген пайызға айырмашылық болса, салық органдары енді кез келген мәміледе алынатын бағаны қайта қарауға құқылы. Компания басшылығы табыс салығы бойынша өз міндеттемелерін бағалау барысында осы талаптарды назарға алады.

(б) Қоршаған ортаны қорғау

Компания қазіргі уақытта өзін Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген қоршаған ортаны қорғауға қатысты барлық заңдар мен нормативтік актілерді сақтап отыр деп санайды. Алайда, қазақстандық заңдар мен нормативтік актілер болашақта өзгеруі мүмкін. Компания қоршаған ортаны қорғауға қатысты заңдар мен нормативтік актілердің ықтимал өзгерістерінің мерзімін немесе ауқымын болжай алмайды. Мұндай өзгерістер туындаған жағдайда Компаниядан неғұрлым қатаң нормаларға сәйкес болу үшін өзінің техникалық базасын жаңғыртуды жүргізу талап етілуі мүмкін.

(в) Жұмыс бағдарламасын сақтау

Қазақстандағы пайдалы қазбалардың барлық қорлары Мемлекетке тиесілі, бұл ретте уәкілетті құзыретті орган үшінші тұлғаларға барлау мен өндіру құқығын береді. Жер қойнауын пайдалану құқығы шектеулі мерзімге беріледі және кез келген ұзарту тиісті келісімшарттың немесе лицензияның қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін келісілуге тиіс. Егер Компания өзінің келісімшарттық міндеттемелеріне жауап бермесе, бұл құқықтардың қолданылуын құзыретті орган тоқтата алады.

Уәкілетті құзыретті орган бекіткен екі кен орны бойынша жұмыс бағдарламаларына сәйкес келісімшарттық міндеттемелер теңгемен көрсетілді.

24 Шартты және әлеуетті міндеттемелер, жалғасы

(в) Жұмыс бағдарламасын сақтау, жалғасы

(i) Әлеуметтік міндеттемелер

Қазақстандық мамандарды оқыту

Ақдала кеніші бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт

Жер қойнауын пайдалануға алынған келісімшартқа сәйкес Компания жыл сайын қазақстандық персоналды кәсіптік оқытуға барлау кезеңінде барлауға арналған шығындардың кемінде 1% - ы және өндіру кезеңінде пайдалану шығындарының кемінде 0.05% - ы мөлшеріндегі соманы бөлуге міндетті.

Ыңғай кенішінің 4-учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт

Жер қойнауын пайдалануға алынған келісімшартқа сәйкес Компания жыл сайын қазақстандық персоналды кәсіптік оқытуға барлауға арналған шығындардың кемінде 1% - ы және өндіру кезеңінде пайдалану шығындарының кемінде 1% - ы мөлшеріндегі соманы бөлуге міндетті.

Өңірдің әлеуметтік саласын дамыту

Ақдала кеніші бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес Компания жыл сайын өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға кемінде 75,000 АҚШ долларын жергілікті атқарушы органның бюджетіне аудару жолымен төлеуге міндетті.

Ыңғай кенішінің 4 учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес Компания жыл сайын жерілікті атқарушы органның бюджетіне аудару жолымен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға кемінде 150,000 АҚШ долларын төлеуге міндетті.

Басшылық 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания келісімшарттарда белгіленген барлық міндеттемелерді сақтайды деп санайды.

(ii) Учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемелер

Келісімшарттар бойынша коммерциялық өндіруге көшкен сәттен бастап екі жыл ішінде Компания құзыретті органға кен орындарындағы қызметтің салдарын жою бағдарламасын ұсынуға міндетті. Осы талапқа сәйкес Компания 2017 жылы тарату бағдарламасын бекітті. Осы бағдарламаны құзыретті органдар бекіткеннен кейін Компания оны орындауға міндетті.

(iii) Тарату қоры

Тарату бағдарламасына сәйкес Компания жерді қайта құнарландыру және кеніштерді пайдалану тоқтатылғаннан кейін олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерге байланысты учаскені қалпына келтіру жөніндегі өз міндеттемелерін орындау мақсатында арнайы банктік шотта ақша қаражатын, сондай-ақ химикаттар қандай да төгілгеннен кейін аумақты тазалауға арналған бағалау шығыстарын жинақтауға міндетті.

Компания "Альфа-Банк" АҚ ЕБ-да арнайы шотында ақша қаражатын қалыптастырды. Бұл депозит тиісті органның келісімі бойынша учаскені қалпына келтіру үшін ғана пайдаланылуы мүмкін. 2018 жылғы 31 желтоқсанға депозит сомасы 2,231,922 мың теңгені құрады (2017 жыл: 1,923,540 теңге) (14-Ескертпе).

Басшылық 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания Келісімшартта белгіленген барлық міндеттемелерді сақтайды деп санайды.

24 Шартты және әлеуетті міндеттемелер, жалғасы

(в) Жұмыс бағдарламасын сақтау, жалғасы

(iv) Жылдық өндіру көлемі

Келісімшартқа сәйкес Компания жыл сайын уранның белгілі бір мөлшерін өндіруге міндетті. 2018 жылға Ыңғай кенішінің 4 учаскесінде және Ақдала кенішінде жылдық өндіру көлемі тиісінше 2,000 және 1,000 тонна мөлшерінде белгіленді. 2018 жылы Компанияның өндіруінің нақты көлемі рұқсат етілген 20% ауытқуды ескере отырып, тиісінше 1,617 тоннаны және 800 тоннаны құрады (2017 жыл: тиісінше 1,982 тонна және 900 тонна).

(v) Өндіріске дайындау бойынша активтерге инвестициялар

Басшылық 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания Келісімшартта белгіленген барлық міндеттемелерді сақтайды деп санайды.

25 Байланысты тараптар

(а) Бақылау қатынастары

Ураниум Уан Роттердам Би.Ви. Канадада тіркелген "Юриум Уан Инк." еншілес компаниясы болып табылады. "Юраниум Уан Инк." түпкілікті иесі "Росатом" атом энергиясы жөніндегі мемлекеттік корпорация ("Росатом") болып табылады. Росатом және ҚАО ҰАК ашық қолжетімді қаржылық есептілікті ұсынады.

(б) Байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар

Кезең ішінде Компания байланысты тараптармен бірқатар мәмілелер жасады:

мың теңге	Сату 2018 ж.	Қызметтерді сатып алу 2018 ж.	Өндірістік және басқа да активтерді сатып алу	Сату 2017 ж.	Қызметтерді сатып алу	Өндірістік және басқа да активтерді сатып алу
			2018 ж.		2017 ж.	2017 ж.
Қатысушылар	54,055,510	-	-	51,179,291	1,053	860
Құрылтайшылардың жалпы немесе бірлескен бақылауындағы компаниялар	5,208	920,567	6,353,880	15,878	966,232	7,067,920

Есепті кезеңнің соңына төлеуге/алуға арналған баланстар:

	Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі 2018 ж.	Байланысты тараптарға кредиторлық берешек 2018 ж.	Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі 2017 ж.	Байланысты тараптарға кредиторлық берешек 2017 ж.
мың теңге				
Қатысушылар	18,721,484	-	19,002,656	964
Құрылтайшылардың жалпы немесе бірлескен бақылауындағы компаниялар	411	651,945	7,037	1,087,280

2017 жылғы сәуірде "Бетпак Дала" БК" ЖШС Компанияға 1,207,320 мың теңге көлемінде учаскені қалпына келтіру жұмыстарын қаржыландыру үшін жинақталған тарату қорының ақшалай қаражатын берді.

25 Байланысты тараптар, жалғасы

(в) Басшы қызметкерлерге сыйақы

мың теңге	2018 ж.	2017 ж.
Еңбекақы және сыйақылар	71,690	81,853
Зейнетақы қорларына аударымдар	4,867	5,748
	76,557	87,601

(г) Мемлекеттік билік органдарымен және мемлекет бақылайтын компаниялармен операциялар

Компания өзінің әдеттегі қызметі барысында мемлекеттік билік органдарымен және Қазақстан Республикасының мемлекеті бақылайтын компаниялармен операцияларды жүзеге асырады. Бұл операциялар басқа контрагенттермен операциялардың шарттарымен салыстырылатын шарттарда жүзеге асырылды.